



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҒЫРЫҒЫ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, ҚР Президенті:

«ОТАНШЫЛ БОЛУ – ТУҒАН ЕЛІҢНІҢ ИГІЛІГІ ҮШІН АЯНБАЙ ЕҢБЕК ЕТУ»



«Turkistan» газетінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың осы басылымның бас редакторы, белгілі ақын, публицист Бауыржан Бабажанұлына берген кең көлемді сұхбаты жарияланды. Президент елдегі мерзімді баспасөздің орны мен өткен жылдағы ішкі және сыртқы саясаттағы басты оқиғалар, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы және басқа да өзекті тақырыптарға қатысты сұрақтарға жауап берді. Президент сұхбатының өзекті делінген тұстарын ықшамдап «Заң газетінің» оқырмандарына ұсынамыз.

(Жалғасы 2,3-беттерде)

ҰСЫНЫС

Детектив қызметін заңдық тұрғыдан үйлестіретін заң өркениетті елдердің көпшілігінде бар. Ал бізде бұл қызметті заңдастыруға қатысты талпыныстың бірнеше рет жасалғаны мәлім. Мәжіліс депутаты Абзал Құспан «Жеке детективтік қызмет туралы» заңға бастамашы болғанын айтып, құжаттың негізгі басымдықтарына тоқталды.



ДЕТЕКТИВ ҚЫЗМЕТІН ЗАҢДАСТЫРАТЫН КЕЗ КЕЛДІ

«Парламентаризм институтымен бірлесіп, бұл тақырыппен екі жылға жуық айналыстық. Соның нәтижесінде заң жобасы бытыр Мәжіліс қаруына енгізілді. Шын мәнінде, дамыған елдердің барлығында, тіпті көрші Ресей мен Қырғызстанда да жеке детективтік қызмет 90-жылдары-ақ заңдастырылған. Заң жобасында біліктілік талаптары нақты көрсетілген: заңгерлік білім, еңбек өтілі және басқа да шарттар. Ал талаптарға толық сәйкес келмеген жағдайда, детективтің көмекшісі ретінде немесе шарттық негізде қызмет көрсету мүмкіндігі де қарастырылған. Биыл сол заңымыз қабылданып, ел игілігіне қызмет етсін деп тілейік!», – дейді депутат.

«Заң газеті» бұл тақырыпты үнемі көтеріп, көпшілік назарына салып келеді. Детектив туралы заңның маңызы, қазақ детектившілерін қалыптастырудың артықшылықтары туралы ба-

сылым бетінде аз айтылған жоқ. Алайда, бұл ұсыныс тек талқы жүзінде қалып келген еді. Ал Абзал Құспан айтқандай жаңа заң жобасы депутаттар тарапынан қолдау тауып, қолданысқа енгізілген жағдайда, мұның қоғамға тигізер оң ықпалы зор болары анық. Себебі детектив қызметіне қарсы топтар айтқандай «жеке детектив қызметі жеке өмірге қол сұғумен» шектелмейді. Детектив қызметі заңдастырылса заң, құқық саласындағы мамандарға қосымша жұмыс табылады. Екіншіден, бұл еліміздің құқық қорғау, жедел іздестіру саласындағы жұмыстардың жандануына көмектеседі. Үшіншіден, ашылмай, елеусіз қалған қылмыстардың жедел, сапалы ашылуына септігін тигізеді.

Түймегүл ИБАШЕВА,
«Заң газеті»

ОРАҒЫ КЕЛГЕН ӘЦІМІМЕ

Бағлан МИРЗАХМЕТОВ,
«Оңтүстік Жарық Транзит» ЖШС Кентау
электр жүйелерінің бастығы:

«ӘЛЕМДЕГІ ЕҢ ҚЫМБАТ ВАЛЮТА – ЭНЕРГИЯ!»

– Бағлан Құрбанәліұлы, энергетиктерді жанкешті сала мамандықтары қатарына жатқызады. Сіздің пікіріңіз қалай?

– Энергетиктерді майдангерлер дейміз, себебі олар 24 сағат жұмыс жасайды. Энергетика кәсіпкері кешірмейді. Бір электр желісінде ақау орын алып, оған немқұрайлылық танытса немесе қауіпсіздік ережелерін сақтамаса жұмысшының өмірін қас-қағым сәтте алып кетеді. Әрбір электр желісін жөндеу үлкен жауапкершілік пен білімді талап етеді.

– Мемлекет басшысының былтырғы жылды «Еңбек адамы жылы» деп жариялауы барысында елімізде бірқатар еңбек адамдарының еңбегі еленді. Олардың қатарында «Оңтүстік Жарық Транзит» ЖШС Кентау электр жүйесінде қызмет атқарған еңбек адамы да бар шығар.

– Әрине бар. Біздің мекемеде 300-ден аса адам қызмет атқарады. Олардың бәрін де еңбек адамы деп есептеймін. Осы мекемеде еңбек етіп зейнетке шыққан ардагер электрліктердің бәрі де еңбек адамы. Соның ішінде өзіміздің әкем Құрбанәлі де бар. Осы электр жүйесінде жиырма жылға жуық еңбек етіп, зейнетке шықты. Менің мамандық таңдауыма бағыт-бағдар берген де – әкем. Сонымен қатар Мемлекет басшысынан энергетиктер күні қарсаңында төсбелгі алып келген қызметкерлеріміз де бар. Жуырда Кентау қаласында өткен шарада бірқатар қызметкерлерге «Еңбек сіңірген энергетик», «Қалаға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгілері мен облыс және қала әкімінің Алғыс хаттары та-

бысталды. Бұл біздің мекеме қызметкерлерінің адал еңбегі мен кәсіби жауапкершілігіне деген сенім деп білемін.

– Кентау қаласының электр желісімен қамтамасыз етілуі туралы айта отырсаңыз.


– Кентау қаласы және оған қарасты елді мекендер қазіргі таңда толықтай электр желісімен қамтамасыз етілген. Қала аумағындағы электрмен жабдықтау жүйесі халықтың тұрмыстық қажеттіліктерін, өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылым нысандарын сенімді электр энергиясымен қамтуға бағытталған.

– Электр жүйесінде қауіпсіздік басты орында тұруы тиіс. Сіздерде оған қаншалықты көңіл бөлінген?

Тозығы жеткен электр желілері мен электр трансформаторлары ауыстырылуда. Ал 2025 жылы инвестициялық бағдарлама аясында 8,289 шақырым электр желісі толықтай жаңартылады. Тағы бір айта кететін жайт 424,432 шақырым 0,4 кВ кернеулі әуе электр желілері бар. Оның ішінде орта есеппен тозуы жеткендер 56% құрайды. Темір бетонды бағаналар саны – 6774 дана. Ағаш бағаналар саны – 4747 дана. Былғы жылы инвестициялық бағдарлама аясында 9,380 шақырым электр желісі және 312 дана ағаш бағаналар толықтай жаңартылады.

– 2025 жылғы инвестициялық бағдарлама аясында атқарылған жұмыс барысы жайында айта кетсеңіз.

(Жалғасы 5-бетте)



4-БЕТ
«Дипломмен – ауылға» тиімділігі төмен бағдарлама



6-БЕТ
Жастарды еңбек нарығына дайындаудың жауапкершілігі жоғары



8-БЕТ
Банкирдің өлімі

БҮГІНГІШІ БАС ТАҒЫРЫҒЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Газет-журналдар қайта өрлеу дәуірінің бастауында тұр

— Себебі, әлеуметтік желі адамның ойлау (танымдық) қабілетіне зор зиян келтіріп жатыр. Жасы қырыққа жетсе де, білімі мен ой-өрісі он бес жастағы жасөспірімдер деңгейінде қалып қойған азаматтарды қазірдің өзінде кездестіруге болады.

Өз басым мерзімді баспасөзді жас кезімнен үзбей оқығаным рас. Өлі күнге дейін осы әдетімнен жаңылған емеспін. Қазіргі таңда баспасөз заман талабына бейімделіп, апарат айдынынан өз орнын тауып отыр. Газет тілшілері жан-жақты шолулар мен терең сараптамалар жасауға баса мән береді, ағартушылықпен айналысады. Кәсіби әрі өз ісіне адал журналистер сапалы материалдар әзірлеп, дәстүрлі құндылықтарды сақтауға елеулі үлес ко-



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, ҚР Президенті:

«ОТАНШЫЛ БОЛУ – ТУҒАН ЕЛІҢНІҢ ИГІЛІГІ ҮШІН АЯНБАЙ ЕҢБЕК ЕТУ»

сып келеді. Мен сүйікті Отанымыздың игілігі үшін барлық салада табысты еңбек етіп жүрген мықты азаматтар туралы мәліметтерді көбінесе газеттерден аламын. Ел ішіне кең таралған TikTok, Instagram немесе Telegram арналары еңбек адамдарының шынайы тыныс-тіршілігінен алыс екенін өзіңіз де жақсы білетін шығарсыз.

Оқу мәдениеті жоғары елдер әрдайым жаһандық дамудың алғы шебінде бола беретіні сөзсіз. Бұған еш күмәнім жоқ.

Салық төлеу – отаншылдықтың озық үлгісі

— Былтыр жаңа Салық кодексі қызу талқыға түсті. Жұрттың көкейіне күдік — жаңа Салық кодексінде бақылау жасауға емес, өзара серіктестік орнатуға баса мән беріледі, яғни, осы үдеріске қатысушылардың бәрі — мемлекет те, бизнес те, азаматтар да өз міндетін адал орындауға тиіс. Бірін-бірі өзара толықтырып тұратын мұндай жүйеде салық төлеу ауыртпалық ретінде қабылданбайтын болады. Түптеп келгенде, салық төлеу дегеніміз — заманауи қоғамдық келісімшарт деген сөз. Салық төлесеніз — қызмет көрсетіледі, инфрақұрылым салынады, қауіпсіз орта қалыптасады, тың мүмкіндіктер пайда болады. Салық төлеу бұрын міндет болса, енді отаншылдықтың озық үлгісіне айналады. Мұны сыбайлас жемқорлыққа қарсы қоғам құрудың төте жолы деуге болады. Себебі, салығын адал төлейтін азаматтар өз қаржысының алаяқтардың қалтасында кеткенін мүлдем ұнатпасы анық.

Әлемдік тәжірибеге қарасақ, реформалар қолға алынған кезде жұртшылық оны көп жағдайда түсінбей, қабылдамай жатады. Ондай кезде барлық жауапкершілікті арқалай алатын көшбасшының рөлі айрықша. Мен мемлекет басшысы ретінде осындай жауапкершілікті өз мойныма аламын. Болашақта да бұған дайынмын. Менімен бірге жұмыс істеп жатқан азаматтар мұны жақсы біледі. Әрине, бұл кедергісі көп, қиын жол екенін түсінемін. Тарихта реформаторлардан гөрі басқыншылар мен популисттердің аты көбірек қалып жатады. Бірақ, Қазақстан үшін басқа жол жоқ. Біз бір жерде тоқтап қалмай, алға қарай нық қадам басу үшін реформаларды қалайда жүзеге асыруымыз керек.

Азаматтарымызға зияны тимеуі үшін қыс мезгілінде тарифтерді өсіру әкімшілік тәсілдер арқылы уақытша тоқтатылды. Сонымен бірге, Үкіметке бюджет қаржысын барынша тиімді пайдалану міндеті жүктелді. Экономикаға ақшаны орынсыз құя беруге болмайды, бұл инфляцияны күшейтіп жібереді. Қазақ бюджеттік тәртіп керек. Қаржы ресурстары мемлекетке қажетті жобаларға ғана жұмсалып жатыр. Былтыр қараша айында Үкімет, Ұлттық банк, Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі бірлесіп, үш жылдық бағдарлама қабылдады. Құжат азаматтардың әл-ауқатын жақсарту үшін инфляцияны төмендетуге арналған. Халықаралық сарапшылар Қа-

зақстанның «орташа табыстар қақпанына» түсіп қалғанын дұрыс байқап отыр. Ашығын айтайын, бұл — экономика туралы оқулықтан алынған жалпылама ұғым емес, күн сайын көптеген азаматымыздың басынан өтіп жатқан өмір шындығы. Жұрт табысы жауып жатыр, тіпті, жақсы табыс табатындар да бар. Бірақ, оның бәрін инфляция жеп қояды немесе ипотeka төлеу, балаларды оқыту, ата-анаға көмектесу сияқты күнделікті тірлікке жұмсалып, жоқ болып кетеді. Ауырып қалу немесе жұмыстан айырылу секілді кез келген көлденең кедергі тұрмыстағы тұрақтылықты бұзып жіберуі мүмкін.

Мен кезінде баспана алу, балалардың оқу ақысын төлеу, емделу үшін зейнетақы жинағын пайдалануға рұқсат беру туралы шешім қабылдадым. Көбісі солай жасады, бұл шешімге ризашылықтарын да білдіріп жатты. Бірақ, әдеттегідей, стоматология қызметін көрсетеміз деген желеумен зейнетақы қорынан 200 миллиард теңгеден астам қаржы жымқырған алаяқтар да табылды. Құжық қорғау органдары қазір бұл мәселемен айналысып жатыр. Осы медициналық қызмет түріне зейнетақы жинағын пайдалануға тыйым салуға тура келді. Бірақ, басқа да китүркі тәсілдер пайда болады, тіпті, пластикалық отаға төлем жасайтындар бар.

Ал, бизнес өкілдеріне келер болсақ, олар жұмыс орындарын ашып, салықтарын адал төлейді. Алайда, несие өсімінің жоғары болуы, айналымдағы қаражаттың аздығы олардың кең ауқымда дамуына, жаңа нарықтарға шығуына, заманауи технологияларды енгізуіне мүмкіндік бермей тұр.

Экономиканың құрылымы өзгеріп жатыр. Дегенмен, меніңше, өзгеріс қарқыны баяу. Халықаралық қаржы институттары мен рейтинг агенттіктерінің бағалауынша, елімізді бақуатты, тіпті, бай мемлекет деп атауға болады. Бұл сөздің жаны бар. Соған қарамастан, экономикамызда теңсіздіктер әлі де сақталып отыр. Оның бәрін шұғыл реттеп, түзу жолға салуымыз керек. Біз бұл жағдайды білеміз, оны жұрттан жасыратын ойымыз жоқ. Мұндай қиындықты көптеген мемлекет басынан өткеріп жатыр. Біз «өсім ауруы» мәселесін міндетті түрде шешеміз. Нақты жоспарымыз бар.

Үкімет энергетикалық және коммуналдық нысандарды жаппай жаңғырту жұмыстарын қолға алды. Ұзындығы жүздеген шақырым болатын инженерлік желілер мен электр қуатын тарататын желілер салуымыз керек. Бүгінгі таңда осы ауқымды жобаның сесп-қисабы әзірленіп жатыр.

Қазірдің өзінде қауіпті «қызыл» аймақта тұрған жылу электр станцияларының саны 19-дан 10-ға дейін азайды. Қабылданған шаралардың нәтижесі көріне бастады. Нысандардың апаттық жағдайға тап болу қаупі сейіліп келеді. Дегенмен, әбден тозып, әуіріммен әрең тұрған инфрақұрылымды қалпына келтіру жеткіліксіз, жұмыс тәсілін өзгерту керек. Сондықтан, жаңғырту шаралары ең басты міндетті шешуге тиіс, яғни, салаға инвестиция салу үшін қолайлы жағдай жасап, нағыз нарықтық

тетіктер қалыптастыруы қажет. Тамыры тереңге кеткен экономикалық мәселелерге ондаған жылдар бойы назар аударылған жоқ. Қалалар мен ауылдардағы инфрақұрылым тозды, энергетика нысандары мен коммуналдық желілер әбден ескірді.

Қордаланған түйткілдер күрмеуі қиын күрделі мәселеге ұласты. Бұл сала жыртқыш-тесігін жантайла-са жасап-жасқап, бюджет қаржысын үздіксіз құюға тура келетін «коммуналдық аждаһаға» айналды. Бұған жұрттың еті үйреніп, азаматтар шарасыз күйге түсті. Соған қарамастан, біздің үкіметтеріміз «авгидің атқорасын» тазалауға асыққан жоқ. Себебі, мұндай күрделі жұмыс ешкімге жақсы атак әкелмес еді. Ең дамыған отыз мемлекеттің қатарына қосылу сияқты «керемет» бағдарламалар әзірлеп, оның «табысты» орындалғаны туралы баяндау әлдеқайда жеңіл болатын. Шындықты жасырып, бір сәттік алдамшы жетістіктерге ұмтылу ақырында мемлекетіміз үшін тым қымбатқа түсті.

Шынымды айтайын, жеке абыройымды ойласам, мен де бұл жұмысты келесі басшылыққа ысыра салар едім. Бірақ, халықтың көзі үйренген таптаурын түсініктерге қайшы келсе де, мен үшін қағаз жүзінде емес, іс жүзінде нақты нәтижеге қол жеткізу бәрінен де маңызды.

Электр қуатының арзандығы кімге тиімді болды? Табыны шамалы көп балалы отбасыларға емес, ірі кәсіпорындарға өте тиімді болды.

Арзан жанар-жағармайдың қызығын кім көрді? Әдетте қоғамдық көлікпен жүретін студенттер мен зейнеткерлер емес, билікке жақын жүретін, қазір жұрт олигархтар немесе олигополия деп атайтын кәсіпкерлер көрді.

Коммуналдық қызметтердің тарифін төмен ұстап тұру кімге ыңғайлы болды? Әр түбіртектегі соманы уақытылы төлеп отырған адал азаматтарға емес, «коммуналдық былық-шылықты» пайдаланып, қалтасын қалыңдатқан делдал-кәсіпкерлерге қолайлы болды.

Посткөрсеткіш кеністіктегі ең төмен бағалар мен тарифтер Қазақстанға тиесілі. Соның салдарынан, біз амалсыздан арзан жанар-жағармайды көрші мемлекеттерге астыртын тасымалдайтын, сол арқылы олардың экономикасына демеу көрсететін елге айналдық.

Туристік инфрақұрылымды әртараптандыруға назар аудару қажет

— Туризмді дамыту жұмыстарында алдымызда ұзақ та күрделі жол тұр. Бұл — экономика, мода, әуіпсіздік және бизнес — барлығы бір жерге тоғысатын күрделі сала. Мұнда өз жұмысына жан-тәнімен берілген кәсіби мамандар, ең бастысы, нағыз отаншыл азаматтар жұмыс істеуі керек. Туризм саласында жалқаулық пен немісқұрайлыққа, ашкөздік пен дөрекілікке жол жоқ. Былтыр Қазақстанға миллиондаған шетел азаматы келді. Ішкі туризм қарқыны дами бастады. Мұның бәрі — өте жақсы үрдіс.

Әлем елдері туристерді тарту үшін жеке инвесторларға қолайлы жағдай жасап отыр. Біздің елде көрікті жерлер өте көп. Қазір экотуризмге деген сұраныс жоғары. Осы тұрғыдан алғанда, Қазақстанға тең келетін ел жоқ секілді көрінеді. Алайда, белгілі бір себептерге байланысты, соның ішінде жауапты тұлғалардың біліксіздігі мен немісқұрайлығының кесірінен туризмнің болашағы зор осы бір саласы әлі күнге дейін кенже қалып отыр. Өзірге таңыстыру, яғни презентация жұмыстарынан әрі аса алмай жатырмыз.

Туризмнің дамуына тұмса табиғатты қорғау деген желеумен кез келген жобаға қарсы науқан ұйымдастыратын кейбір «эко-белсенділер» зиян келтіріп отыр. Көпшілігінің табиғатта шаруасы да жоқ. Олар өзінің танымалдығын арттыру үшін қоғамды дүрліктіруді, қазіргі тілмен айтқанда, «хайп» жасауды ғана көздейді. Туризм бизнесінде әбден әккі болған, бәсекелестердің шыққанын қаламайтын кәсіпкерлер кейде олардың қолтығына су бүркіп отырады.

Тау шаңғысы туризміне қатысты

бұл жұмысқа қатысты бастапқы мүмкіндіктері жаман емес. Мемлекет көрсететін қызметтерді, қаржы технологияларын, экономиканың бірқатар секторын цифрландыру ісінде нақты жетістіктеріміз бар. IT-стартаптарды қолдайтын толыққанды эжөкүйе тиімді жұмыс істеп тұр. Екі мың компанияның басын қосқан Astana Hub инновациялық кластері де бар. 2025 жылы IT-қызметтердің жалпы экспорты бір миллиард долларға жуықтады. Цифрлық активтерге арналған CryptoCity пилоттық аймағы құрылып жатыр. Жедел дамитын Alatau city қаласының құрылысы басталды. Мемлекеттік деректерді жинау және талдау жұмысының қарқыны күшейіп келеді. Кәсіби мамандар мұндай деректерді алдағы дәуірдің жаңа алтыны деп санайды.

Былтыр мамыр айында Жасанды интеллектті дамыту жөніндегі кеңес жұмысын бастады. Оған шетелдің және еліміздің беделді сарапшылары шақырылды. Қарашада «Жасанды интеллект туралы» заңға қол қойылды, жаңа заң жақында күшіне енеді. Жасанды интеллект және цифрлық даму мини-

жағдай да осыған ұқсас. «Шымбұлақ» Алматы қаласының орталығынан небәрі жарты сағаттық жердегі ерекше табиғаттың ортасында тұр. Әлемде оған тең келетін демалыс орны кемде-кем. Алайда, көптен бері ештеңе жасалмаған курорттың сыны да, сыры да кетіп, қозып барады. Табиғаттың тамаша тартуы саналатын осы көрікті мекенді дамыту үшін тың тәсілдер қажет. Қазір еліміздегі тәжірибелі девелоперлік компания іске кірісті. Бірақ, Үкімет пен әкімдіктің қолдауына қарамастан, жұмыс барысы дайындық және таныстыру шараларынан аса қойған жоқ. Ал, көрші елдерде тау шаңғысы инфрақұрылымы қарқынды салынып жатыр.

Алматы тау кластерінің әлеуеті өте зор. Бұл салада ауқатты адамдарға да, орташа табысы бар азаматтарға да бірдей қызмет көрсетілуге тиіс. Сондықтан, ондағы туристік инфрақұрылымды әртараптандыру мәселесіне назар аудару қажет.

Туризм саласындағы кадр тапшылығы — өте өзекті мәселе. Сондықтан, Түркістанда Халықаралық туризм және меймандостық университеті ашылды. 2024 жылы оқу ордасының алғашқы түлектері дипломдарын алып, еңбек нарығына қосылды. Алайда, бұл — жеткіліксіз. Кадр мәселесін шешу үшін қосымша шаралар қабылданады. Дегенмен, салымыз суға кетіп, еңсемізді түсіріп отыруға да болмайды. Әлемдік деңгейдегі табиғатты саяхатшыларға Қазақстанда демалуды ұсынып жатса, екі есе қарқынмен жұмыс істеуіміз керек. «CNN Travel» 2025 жылы Алматыны Орталық Азиядағы «сәні мен салтанаты жарасқан жаңа астана» деп атады. Алматы әкіміне шаһарды күндіз-түні қонағы үзілмейтін Нью-Йорк, Мәскеу, Париж сияқты «ешқашан көз ілмейтін қалаға» айналдыру тапсырылды. Қалада инфрақұрылымды жақсарту, абаптандыру, жарықтандыру бағытында әлі де көп жұмыс істелуі керек.

Қазақстан цифрлық державаға айналуы керек

— Бұл — қазіргі жаңа технология дәуірінде өркеніетті ел болып қалудың бірден-бір жолы. Халқымыздың ой-санасы мұндай инновацияларға дайын екеніне сенімдімін. Оның үстіне, Қазақстанда азаматтарымыздың өмір салтын едәуір өзгерткен танымал финтех компаниялар табысты жұмыс істеп жатыр.

Технология саласындағы нағыз әлемдік алпауыттар — АҚШ пен Қытай арасындағы бәсеке қыза түсті. Америка басшысы АҚШ-тың үстемдігін нығайту үшін арнайы бағдарлама жүзеге асырыла бастағанын мәлімдеді. Қытайдың да шегінетін ойы жоқ, олар мұны ұлттың абырой-беделіне қатысты мәселе деп санайды. Қазірдің өзінде Қытайда жасанды интеллект мәселесімен айналысатын бес мыңға жуық компания жұмыс істеп жатыр. Басқа дамыған мемлекеттер де қамсыз отырған жоқ.

Қазақстан да экономика мен қоғамдық өмірге жасанды интеллектті енгізуге басымдық беріп жатыр. Еліміздің

стрлігі құрылды. Alem.Cloud және AI-Farabium деп аталатын екі суперкомпьютер іске қосылды, Астана әкімдігі Біріккен Араб Әмірліктерінің танымал компаниясымен бірлесіп, дербес платформа құрды.

Кәсіби кадрларды даярлау үшін мектептер мен университеттерде тиісті білім беру бағдарламалары жүзеге асырылып жатыр. Мәселен, 650 мыңнан астам студент AI-Sana бағдарламасы аясында білім алды. Көп ұзамай Жасанды интеллект мамандандырылған зерттеу университеті ашылды.

Жасанды интеллект пайда болғаннан бері болашақтың кемесіне мініп үлгеретін елдер мен ескі заманда қалып қоятын елдердің арасы алшақтай бастады. Сондықтан, мен цифрлық технологиялар мен жасанды интеллектті Қазақстанның даму жолындағы басым бағыт деп жарияладым. Быыл өте көп шаруа атқарылады. Осы айрықша маңызды жұмыстың табысты боларына сенемін.

Бірнеше атом станциясын салу — тарихи олқылықтың орнын толтыру

— Сенімді энергия көзі болмаса, Қазақстан экономиканың жаңа технологиялық үлгісіне көше алмайтынын түсінуіміз керек. Суперкомпьютерлерге, дата-орталықтар мен автоматтандырылған өндіріс кешендеріне өте көп энергия қажет. Бұл — жаңа жаһандық технологиялық құрылыстың басты талабы.

Қуат көздерін салу үшін білікті мамандар керек. Капитал қоры шамамен 4,5 триллион доллар болатын әлемдегі ең ірі компания — NVIDIA-ның басшысы жақында «көк жағалылар», яғни техникалық мамандық иелері миллионерлер қатарына қосылады деп болжам жасады.

Бірнеше атом станциясын салу — біріншіден, тарихи олқылықтың орнын толтыру деген сөз. Себебі, уран өндірісі бойынша әлемде көш бастап тұрған елдің бірде-бір атом электр станциясын салмауы мүлдем ақылға қонбайды. Екіншіден, бұл қадам Қазақстанның абырой-беделін нығайта түседі. Біз атом станцияларын салу арқылы техникалық интеллигенцияның жаңа буынын қалыптастырамыз. Тиісінен, мемлекеттік саясаттың түпкі мәнін өзгертеміз. Осыны қаперден шығармаған жөн.

Тағы бір өте маңызды тақырып — жер қойнауында сирек кездесетін металдар. Болашақта ондай материалдарға деген сұраныс арта береді, алдағы бес жылдың өзінде бұл сұраныс екі есе өседі. Осы ретте, Қазақстан үшін тағы бір мүмкіндік ашылады. Еліміз жер қойнауында сирек кездесетін минералдар қоры бойынша әлемдік көшбасшылар қатарына қосылуы әбден мүмкін. Қазақстан стратегиялық маңызы бар осы саладағы өз рөлін күшейту үшін АҚШ, Қытай, Ресей, Оңтүстік Корея, Жапония елдерімен және Еуропа Одағының бірқатар мемлекетімен ынтымақтасығын дамыта бастады.

Ақиқат жолында қызбалыққа салынбайық

– Қаңтар оқиғасы бойынша тергеу жүргізу кезінде құқық қорғау органдары азаматтық қоғам өкілдерімен тығыз байланыста жұмыс істеді. Бірқатар қоғамдық комиссия құрылып, оған белгілі заңгерлер жетекшілік етті.

2022 жылдың наурыз айында Парламентте арнайы қоғамдық тыңдау өтіп, бұл оқиғаға және еліміздің конституциялық құрылымын бұзбақ болған қылмыскерлердің әрекетіне егжей-тегжейлі баға берілді.

Иә, кейбір сот процестері, сондай-ақ, қаңтарда ұрланған көптеген қаруды іздестіру жұмыстары әлі жалғасып жатыр. Сол күндері қылмыскерлер үш мыңнан астам қару-жарақты иемденіп кеткен еді. Бірақ күштік құрылымдардың арқасында қару-жарақ жасырылған қоймалардың көбі табылды.

Қаңтар оқиғасын талқылайтын-дар көбінесе сол кездегі дағдарыстың түпкі мәнін түсінуге еш пайдасы жоқ дүниелерді қазбалап келеді. Сол үшін оларды кінәлауға да болмас. Дегенмен, ақиқат жолында ешқашан қызбалыққа салынбау керек. Алматыдағы аласапыран туралы жиі айтылып жатады, мұны түсінуге де болады. Бірақ, зұлымның сиқырлы таяқшасымен жасалғандай адам сенгісіз жағдайлар болғанын да естен шығармау керек. Нақтырақ айтқанда, бүлікті ұйымдастырушылардың әмірімен бір мезетте он екі қалада жаппай тәртіпсіздік белең алды. Оның арты қаскөйлердің көптеген облыс әкімдіктері мен құқық қорғау органдарының ғимараттарын басып алуына әкеп соқтырды.

«Төңкеріс» жасауға әбден машықтанған мамандардың жетекшілігімен тәртіпсіздікті ұйымдастырушылар Үкіметтің жанар-жағармай бағасын өсіру туралы шешімін желеу етіп, адамдарды жаппай шеруге шығуға итермеледі. Сосын азаматтардың, мемлекеттік қызметшілердің, бір таңғаларлығы, күштік құрылым қызметкерлерінің едәуір бөлігінің арасында дүрбелең туғызды. Олар қару-жарақ пен құпия құжаттарды қараусыз қалдырып, жұмыс орындарын тастап, кете бастады. Ұлттық қауіпсіздік комитетінің және Ішкі істер министрлігінің кейбір басшылары сын сағатта Отан алдындағы адалдығын сақтап қала алмады, кәсіби деңгейі де төмен екенін көрсетті.

Осындай жағдай, әсіресе, бүлікшілердің басты нысаны болған Алматыда анық байқалды. Әскери қызметшілер мен қала тұрғындары қатты қорлыққа ұшырады. Әкімшілік ғимараттар, сауда орталықтары, дүкендер мен банктер қирап, өртеп орынды, тоналып жатты. Мұндай жүгенсіздікке қарсы төтенше шаралар қабылдау қажет болды. Қазір, арада біраз уақыт өткен соң, пиғылы арам әрі сана-сезімі таяз кейбір адамдар мемлекетіміздің елді құрлымға жібере жаздаған сұмдық берекесіздіктен аман қалғаны жайлы әңгімені әдейі айналып өтіп, қасақана ойына келгенді айтып жүр.

Заңсыз активтерді елге қайтару – әлеуметтік әділдікті қалпына келтіру

– Бас Прокуратура заңсыз активтерді елге қайтару жөніндегі комитет үлкен жұмыс атқарып, олигополия өкілдерінен 1,3 триллион теңгеден астам қаржы өндіріп алды. Соның 1 триллион теңгеден астамы мемлекет қазынасына түсті. Арнайы мемлекеттік қордағы қаражат есебінен елімізде жалпы құны 482 миллиард теңге болатын 434 әлеуметтік және коммуналдық нысан салынып жатыр. Оның қатарында 227 сумен қамтамасыз ету, 183 денсаулық сақтау, 11 білім беру, 15 спорт, 8 инфрақұрылым нысанының құрылысы бар. Сондай-ақ, Павлодар, Арқалық, Балқаш қалаларындағы әуе-жайлар жаңғыртылып жатыр.

Жұмыс жалғаса береді. Активтерді сараптап, оның заңдылығын анықтау құзырлы органдардың күнделікті қызметінің бір бағытына айналды. Ең бастысы, барлық жұмыс ашық әрі әділ болуға тиіс. Енді бұл шаруаны бір орталықтан үйлестіріп жүргізудің қажеті жоқ. Жұмыс бір қалыпқа түсті. Сондықтан, алға қадам басып, инвесторлардың құқығын қорғауға баса мән беретін кез келді. Активтері күмән тудырып, күдікке ілінген адамдардың көбі қаржысын елге инвестиция ретінде салуға ниет білдірді. Олармен жалпы сомасы бес триллион теңге-

ден асатын келісімдер жасалды. Бұл қаражаттың есебінен инвестициялық және әлеуметтік жобаларды жүзеге асыруды жоспарлап отырмыз. Оның ішінде туристік, көлік-логистикалық орталықтар, тау-кен, металлургия, энергетика секторларына қатысты жобалар бар. Әлбетте, білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт салаларына, сондай-ақ, мұқтаж жандарды оналту және әлеуметтік ортаға бейімдеу бағдарламаларын қаржыландыруға айрықша назар аударылады.

Бас Прокуратура мен Үкіметтің алдында барлық жоспарларды және уағдаластықтарды орындау міндеті тұр. Бұл – аса маңызды жұмыс.

Қазақстан әлем қауымдастығына халықаралық құқықты қатаң сақтайтын ел екенін көрсетіп келеді. Бірақ, кейбір «кәсіпкерлер» қоғамдық пікірді өз мүддесіне қарай бұрмалауға тырысады, шетелде жатып алып, өздерін саяси режимнің құрбаны етіп көрсетеді, «инвестор» ретіндегі құқығы тапталып жатқанын айтады. Біз заң аясында адал диалог жүргізуге дайынбыз. Өйткені, ұстанымдарымыздың дұрыс екеніне сенімдіміз. Қазақстан алдағы уақытта да заңдары инвесторларға қолайлы мемлекет ретіндегі мәртебесін нығайта береді.

Қазақстан – әлеуметтік мемлекет

– Денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, ғылым және мәдениет саласына қатысты барлық міндеттеме толық орындалады. «Сырт көз – сыншы» деген сөз бар. Шетелдіктер, әсіресе, көрші мемлекеттердің тұрғындары біздің елдегі әлеуметтік қызметтің сон-

Қазірдің өзінде нақты айта аламын: биыл ел тағдырына тікелей әсер ететін, Қазақстанның ұзақ жылдарға арналған бағыт-бағдары айқындалатын жыл болады. Мен конституциялық реформаға қатысты референдум өтетінін алдын ала айттым. Қазір сарапшылар тобымен бірге Ата Заңымыздың редакциясына қатысты ұсыныстарды қарап жатырмын. Жоспарланған өзгерістер өте көп, бәрі тұтыса келгенде жаңа Конституция қабылдаумен пара-пар қадам жасаймыз дегеніміз.

шалықты дамығанына қызғы да, қызғана да қарайды. Соның ішінде кепілдік берілген тегін медициналық көмек және азаматтарға арналған көптеген жеңілдік бар. Тіпті, Қазақстанды «коммунизм орнаған» ел деп атай бастады. Мысал ретінде, жекеменшік мектептердің иелері де ауқымды мемлекеттік субсидия алатын орта білім жүйесін айтуға болады. Барлық аймаққа жекеменшік мектептердің, балабақшалардың, оқу орталықтары мен үйірмелердің жұмысын қамтамасыз ету үшін «жан басына сәйкес қаржыландыру» қағидаты бойынша қомақты қаражат бөлу міндеті жүктелген. Бұған қоса, ауқатты кәсіпкерлердің меншігіндегі және ата-аналары балалардың оқу ақысына көп ақша төлеп отырған элиталық мектептерге де бюджеттен қаржы бөлінеді.

Бұл саланы мемлекеттен қаржыландыру жүйесінің өзін реформалау керек. Министрліктің бұрынғы басшылары енгізген бүгінгі бұрмаланған тәртіп бей-берекеттікке әкеп соқтырады, себебі, қазірдің өзінде қаражат жетпей жатыр.

Жекеменшік медицина саласында да осыған ұқсас ахуал қалыптасқан. Бұрын жекешелендірілген медицина мекемелері көбінесе күрделі құрал-жабдықтар сатып алмайды, тексеруден өту үшін науқастарды мемлекеттік емханаларға жібереді. Бірақ, ең бастысы, оларға шын мәнінде науқастардың санына қарай емес, «тіркелген» адамдардың санына қарай бюджеттен ақша солай жүргізіледі. Барлығы ашық болуға тиіс, осы саладағы үрдістің бәрін цифрландыруға жөн.

Жалпы, бұл – күрделі мәселе, Үкімет бұған назар аударуға тиіс. Мен лауазымды тұлғалардың мұндай жағдайға жол беріп қана қоймай, мемлекет мүддесіне қайшы келетін нәрселерді «өз қолымен» жасағанына таңғаламын.

Бір сөзбен айтқанда, тиісті мекемелердің жөніс іс-әрекеттерінің кесірінен білім беру және денсаулық сақтау салаларындағы жеке кәсіпкерлік ұғымы бұрмаланып кеткен. Ахуалды түзеу қажет. Бюджеттен қаржы бөлінбесе, әлеуметтік нысандардың қиын жағдайға тап болуы мүмкін екенін түсінемін. Бірақ, жеке бизнесті түгелдей дерлік мемлекеттің мойнына артып қоюға болмайды. Сонымен бірге, медицина

туризмі тұрғысынан алғанда Астана мен басқа да қалаларымыздың танымалдығы арта түскені көңіл қуантады. Дәрігерге қаралып, сапалы ем-дом алу үшін көрші елдерден бөлек, тіпті, АҚШ-тың және Еуропаның кейбір мемлекеттерінің азаматтары Қазақстанға келіп жатыр.

Мемлекет мұғалімдерге және медицина саласының қызметкерлеріне өте жақсы қолдау көрсетті. Олардың жалақысы бірнеше есе өсіп, қоғамдағы мәртебесі де арта түсті. Бұл дер кезінде қабылданған орынды шешім болды.

Бірақ, алаяқтыққа жол берілмейді. Кеңес заманындағы түрлі аймақтық қақтығыстарға қатысқан «ардагерлер» әлі күнге дейін әлеуметтік жеңілдіктерді пайдаланып келеді. Мен халыққа жолдауымда Кеңес Одағының күйрегеніне отыз жылдан астам уақыт өтсе де, «ардагерлер» күн өткен сайын көбейіп, неге екені белгісіз, жасарып бара жатқанын айттым.

Тағы бір мысал. Статистикаға қарасак, Қазақстанда 740 мыңнан астам мүгедек адам бар екен. Еліміздің ешқандай қарулы қақтығысқа қатыспайтынын ескерсек, 20 миллион халқы бар мемлекет үшін мұның көптеу екеніне келісетін шығарсыз. Кезінде жауапты мекеме қызметкерлері мемлекеттен көмек алу үшін туыстарын, мәселен, гипертония диагнозы қойылған жақындарын мүгедектер қатарына қосып жаза салғаны анықталып отыр. Мұндай заңсыз әрекеттер аз емес. Сондықтан, Үкімет пен құқық қорғау органдарына осы салада тәртіп орнатуды тапсырдым.

Қандастар мәселесіне келсек. Әрине, мен сырттағы ағайынның тарихи Отанына оралғанын құптаймын. Бірақ, олардың қоғамымызға дұрыс кірігуі-

қайтқан жастар жоғары оқу орындары мен колледждерде тегін оқи алады. Олар әскерде жүргенде сұранысқа ие мамандықтарды меңгереді. Келісім-шартпен жұмыс істейтін әскери қызметшілер мен офицерлер әлеуметтік жағынан барынша қорғалған.

Армияда темірдей тәртіп болуға тиіс. Сарбаздар ант бергенде айтатын «Әскери қызметтің ауыртпалықтары мен қиыншылықтарын табандылықпен көтеремін» деген сөзден әскери өмірдің қатандығын айқын аңғаруға болады.

Әскери қызметтің абырой-беделін көтеру және еліміздің қорғаныс қабілетін арттыру – мемлекеттің басты басымдығының бірі. Қарулы Күштерімізді технологиялық тұрғыдан жаңғырту жұмысы қарқынды жүргізіле бастады. Былтыр Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай өткізілген әскери шеруді шетелдік саясаткерлер мен әскери қайраткерлер жоғары бағалады, бұл іс-шара армиямыздың заманауи қару-жарақпен және техникамен, соның ішінде Қазақстанда жасалған өнімдермен толық жабдықталғанын, сондай-ақ, әскери қызметшілеріміздің дайындығы өте жақсы екенін айқын көрсетті. Әскери бөлімшелеріміз ел ішіндегі және халықаралық деңгейдегі жаттығуларда тамаша нәтижеге жетіп жүр. Қазақстанда колледждерден бастап университетке дейінгі білім және ғылым мекемелерін түгел қамтитын ұлттық әскери мектеп қалыптасты.

Жуырда Тараздағы мамандандырылған әскери мектепке бардым. Онда әлеуметтік жағынан осал топтағы отбасылардан шыққан балалар оқиды. Бұл – жақсы бастама. Мен осы мектепке аты аңызға айналған батырымыз Бауыржан Момышұлының есімін беру туралы шешім қабылдадым. Облыс орталығының бәрінде осындай мектеп ашу туралы тапсырма бердім. Бұл білім мекемелерінде бүкіл еліміз мақтан тұтатын сардарлар мен генералдар тәрбиеленіп шығатынына сенімдімін.

Жаңа Конституция қабылдаумен пара-пар қадам жасаймыз

– Қазірдің өзінде нақты айта аламын: биыл ел тағдырына тікелей әсер ететін, Қазақстанның ұзақ жылдарға арналған бағыт-бағдары айқындалатын жыл болады. Мен конституциялық реформаға қатысты референдум өтетінін алдын ала айттым. Қазір сарапшылар тобымен бірге Ата Заңымыздың редакциясына қатысты ұсыныстарды қарап жатырмын. Жоспарланған өзгерістер өте көп, бәрі тұтыса келгенде жаңа Конституция қабылдаумен пара-пар қадам жасаймыз деуге болады.

Бізге негізсіз аңыз-әңгімелердің еш қажеті жоқ

Соңғы жылдары Қазақстанда тарихты талқылау сөнге айналды. Түрлі подкасттар, фильмдер, мақалалар мен кітаптар шығып жатыр. Әрине, халықтың төл шежіресін тануға деген қызығушылығын түсінуге болады.

Алайда, өкінішке қарай, мемлекетке кесірі тиетінін жете түсінбей, көпшіліктің көңілін табу үшін ойдан шығарылған деректер мен жалған ақпараттар тарататын, халқымыздың басынан өткен қиындықтарға өзге жұртты кінәлайтын тарихшысымақтар пайда болды. Жұрт олардың сандырағына сеніп, өткен дәуірдің жалған батырларын ұлықтай бастады. Мұның соңы жақсылыққа апармайды. Бұл – ақиқат жолы емес, керісінше «жалған түсінік туғызатын теріс жол».

Біз болашаққа ұмтылған қоғам, біртұтас ұлт ретінде төл тарихымызды танып, оны қаз-қалпында қабылдай білуіміз керек. Бізге негізсіз аңыз-әңгімелердің еш қажеті жоқ, оның бәрі сана-сезімсізге кеселін тигізеді. Тарих жұртты дауластыратын, жауластыратын тақырып емес, керісінше, қоғамды ұйыстыратын құндылық болуға тиіс. Ойдан шығарылмаған, яғни ақиқатқа құрылған шежіре бізді тарихтан тағылым алып, кемшіліктерімізді түзетуге, сол арқылы болашаққа сеніммен қадам басуға үйретеді.

Өскеледің ұрпақты темірдей тәртіпке тәрбиелеген жөн

– Меніңше, отаншылдық деген ұлы сезім жылтырақ сөзбен, жалған әрекетпен бағаланбауға тиіс. Нағыз отаншыл азамат жұрттың алдында кеудесін

соғып көпірмейді, етегі жасқа толып еңіремейді, онды-солды сұхбат беріп еңіремейді. Үндемей жүріп, үлкен іс бітіреді. «Айдағаны бес ерлік, ысырығы жер жаратынның» бәрі патриот емес. Отаншыл болу – туған елінің, отбасының игілігі үшін аянбай еңбек ету деген сөз. Қоқысты жинау, тал егу, табиғатты аялау, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету де – отаншылдықтың белгісі.

Мен бұған дейін қоғамдық өмірдің «Бірлігіміз – әралуандықта» деп аталатын маңызды қағидатын жарияладым. Бұл азаматтарымыз бірін-бірі құрметтеп, сабыр сақтап, тәртіпті болуы қажет дегенді білдіреді. Тағы да қайталап айтайын: Қазақстан үшін «Заң мен тәртіп», колмен істегенді мойынмен көтеру қағидалары айрықша маңызды. Әйтпесе, жоспарларымызды орындап, мақсаттарымызға жету екіталай болмақ.

Мемлекет құру ісінің куәгері болған және бұл іске атсалысқан азамат ретінде «осы жылдарда Тәуелсіз Қазақстанның игілігі үшін өте көп жұмыс атқарылды» деп айта аламын. Иә, жетістіктермен қатар, кемшіліктер де болды. Онысы мүмкін емес қой?! «Білмейтін жолдың ой-шұңқыры көп» деген сөз бар. Қалай болғанда да, еліміз бұралаң көп, бағдары бұлыңғыр, күрделі жолды жүріп өтті. Жер жүзінде Қазақстанға тілеуестік білдіргендер аз болған жоқ, бірақ қымбатсыз ниет танытқандар да бар еді. Өткен ғасырдағы 90-шы жылдардың басында шетелдерде «казактардың қолынан ештеңе келмейді» деген пікірайтылып жатты. Өйткені, демографиялық ахуал мен кенес дәуірінен қалған саяси және экономикалық жағдай табысты мемлекет құруымызға қолбайлау болатындай көрінді.

Өмірдің өзі бұл болжамдарды жоққа шығарды. Қазақстан экономикасы қарқынды дамып жатқан, халықаралық беделі жоғары, табысты мемлекетке айналды. Бірақ, алдымызда тәжірибесі мол азаматтарға да, жастарға да ортақ орасан зор жұмыс бар.

Жастарымыздың күш-қуаты мол, үміті мен сенімі зор әрі азаматтық сана-сезімі өте жоғары. Олар – бар ықпалымен болашаққа ұмтылатын отаншыл азаматтар. Дәл осындай өршіл ұстанымның арқасында еліміз талай рет алдынан шығатын сын-қатерлерді еңсеріп, қиындықтарды жеңері сөзсіз.

Тәуелсіздіктің мерейлі белесін ас та төк науқаншылыққа айналдырмау керек

– Биыл көп жұмыс істеуіміз қажет екенін айтып өттім. Осы жылы ауқымды саяси өзгерістердің жаңа кезеңі басталады, экономикалық реформалар жалғасын табады. Еліміз жаңғыру жолына біржола түсіп, қоғамымыздың болмысы мен бет-бейнесін түбегейлі өзгертуге тиіс. Азаматтарымыз жаңа дәуірге бейімделуі қажет. Бұл – оңай шаруа емес. Бірақ, халқымыз, соның ішінде жастарымыз алмайтын асу жоқ. Бұған көміл сенемін.

Мен осы жылды – Цифрландыру және жасанды интеллект жылы деп жарияладым. Бұл еліміз үшін тарихи мүмкіндік екенін жаңа ғана айтып өттім. Түбегейлі цифрлық өзгерістер жасап, жасанды интеллектті енгізу экономиканың және басқа да көптеген саланың дамуына тың серпіні береді. Мемлекетті басқарудан бастап, білім беру және денсаулық сақтау саласына дейін – барлық бағытта өсіп-өркендеуге жол ашады.

Тәуелсіздігіміздің 35 жылдығы – еліміз үшін айтулы дата әрі осыған дейін жүріп өткен жолымызды ой елегінен өткізіп, болашаққа жоспар құратын сәт. Тәуелсіздіктің мерейлі белесін ас та төк науқаншылыққа айналдырмау керек, бұл Қазақстанның өсіп-өркендеуінің символы болуға тиіс.

Мен Президент ретінде «Таза Қазақстан» акциясын алдағы уақытта да ерекше назарымда ұстаймын. Бұл жұмыстың мән-маңызы өте зор. Себебі, «Таза Қазақстан» жұртты үнемшіл әрі ақпейіл болуға, данғазалықтан арылуға, үнемі ізденіп, алға ұмтылуға, ортақ жауапкершілікті ұмытпауға, елге жанашырлық танытып, қайырымдылық жасауға үндейді. Біздің бастамамызбен Біріккен Ұлттар Ұйымы 2026 жылды Халықаралық еріктілер жылы деп жариялады. Бұл қадам «Таза Қазақстан» идеясымен толық үндеседі.

Әңгімелескен
Бауыржан БАБАЖАНҰЛЫ
«Turkistan» газеті, 2026 жылғы
5 қаңтар, №1 (1638)

ДЕРЕВ ШЕҢ ДӨЙТЕР

2026 ЖЫЛ: ЖАҢАЛЫҚТАР МЕН ӨЗГЕРІСТЕР

«2026–2028 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» заңға сәйкес, 2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап мемлекеттегі бірқатар өлшемдерге өзгеріс енгізілді. Мәселен: айлық есептік көрсеткіш – 4 325 теңге; мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің ең төменгі мөлшері – 35 596 теңге; зейнетақының ең төменгі мөлшері – 69 049 теңге; ең төменгі күнкөріс деңгейі – 50 851 теңге; МӘМС-ке мемлекет жарналарының мөлшері 2%.

Мемлекеттік жәрдемақылар мөлшері:

1, 2, 3 балаға берілетін жәрдемақы – 164 350 теңге;

4 және одан да көп бала туылғанда – 272 475 теңге;

4 баласы бар отбасылар үшін ай сайынғы жәрдемақы – 69 330 теңге,

10 баласы барларға 173 000 теңге;

I топтағы мүгедектерге арналған жәрдемақы – 111 872 теңге,

II топтағы мүгедектерге арналған жәрдемақы – 89 498 теңге,

III топ – 61 021 теңге.

Медициналық сақтандыру көздері:

1 қаңтардан бастап Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға (МӘМС) жарналарын кемінде бес жыл төлеген қазақстандықтар төлемдердегі

уақытша үзіліс кезінде алты ай бойы сақтандырылушы мәртебесін сақтай алады. Кірістер қалпына келтірілгеннен кейін, өткізіп алған айлар үшін қарызды өтеу қажет болады. Өткізіп алған айларды тәуелсіз төлеуші ретінде төлеуге болады. Осы санаттағы азаматтар үшін жарна мөлшері 2026 жылы айына 4 250 теңгені құрайды. Ал бытыр төлемдер тоқтатылғаннан кейін «Сақтандырылған» мәртебесі үш ай ғана сақталатын.

Биыл мемлекет қолдауымен диагностика мен емдеу жүргізілетін әлеуметтік маңызы бар аурулар тізімі де нақтыланған. Соған сай туберкулез; АИТВ-инфекциясы; қатерлі ісіктер; созылмалы вирустық гепатит және бауыр циррозы; психикалық және ми-



нез-құлық бұзылыстары (аурулар); жүйке жүйесінің дегенеративті аурулары; орталық жүйке жүйесінің демиелинизациялық аурулары; эпилепсия; жедел миокард инфарктісі (алғашқы 6 айда); инсульт (бір жыл ішінде) тегін емделеді.

Сондай-ақ әлеуметтік маңызы

бар және неғұрлым кең таралған ауруларды ерте диагностикалау үшін скринингтік зерттеулер, оның ішінде онкоскринингтер ТМККК шеңберінде сақтандырылу мәртебесінің болуын ескермей жүргізілетін болады.

МӘМС пакетіне диспансерлік есепте тұрған пациенттер үшін бірқатар

созылмалы ауруларды емдеу және бақылау құзыретінің берілгенін де атап өту қажет. Бұл тізімде қант диабеті; балалардың церебральды сал ауруы; дәнекер тіннің жүйелік зақымдануы; ревматизм; артериялық гипертензия; жүректің ишемиялық ауруы және басқа жүрек аурулары (жүрек жеткіліксіздігі, Жүрек нарушенияғының бұзылуы); төменгі тыныс жолдарының созылмалы аурулары; бүйрек аурулары, соның ішінде гломерулярлық аурулар, созылмалы бүйрек ауруы; ас қорыту жүйесінің аурулары; тірек-қимыл жүйесі мен дәнекер тіннің аурулары бар. Денсаулық сақтау министрлігі түсіндіргендей, мұндай диагнозы бар адамдар амбулаториялық және стационарлық жағдайларда қаралумен қатар, дәрі-дәрмекпен, оның ішінде қымбат препараттармен емделуге қол жеткізе алады.

2026 жылдың басынан бастап жеке тұлғалардың мобильді аударымдарын салықтық бақылауға қатысты жаңа ереже күшіне енібек. Бұрын аударымдардың саны ғана ескерілді, айталық 3 ай қатарынан әртүрлі адамнан 100 немесе одан да көп аударым түссе тексеруге негіз болатын. Енді бұған тағы бір шарт қосылады. Яғни, сол 3 айдағы түсімдердің жалпы саны 100 не одан жоғары болып қоймай, түсімдер мөлшері 12 ең төменгі жалақыдан (1 млн теңге шамасы) асқан жағдайда салықтық тексеруге негіз пайда болады. Екінші деңгейдегі банктер тиісті ақпаратты салық салушыларға беруге міндетті.

Т. СМАҒҰЛҚЫЗЫ,
«Заң газеті»

ТҮЙІНГІЛІ

«ДИПЛОММЕН - АУЫЛҒА» ТИІМДІЛІГІ ТӨМЕН БАҒДАРЛАМА


2009 жылдың 1 шілдесінде жоба ретінде басталған «Дипломмен – ауылға» мемлекеттік бағдарламасының жүзеге асырылғанына биыл 17 жыл толады. Ол ауылдағы кадр тапшылығы мәселелерін шешуге арналған. Негізгі мақсат – денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қорғау, мәдениет, спорт, агроөнеркәсіптік кешен саласына, сондай-ақ жергілікті жерлердегі мемлекеттік басқару органдарына дипломды мамандарды тарту. Оған қатысушыларға мынадай әлеуметтік қолдау шарасы ұсынылады: 100 АЕК мөлшерінде біржолғы көтерме жәрдемақы; аудан орталығында тұрғын үй сатып алуға немесе салуға 2 500 АЕК, ауылдық елді мекендерден баспана алып, салуға 2 000 АЕК мөлшерінде бюджеттік кредит қарастырылған. 15 жылға берілетін кредитті алуғағы міндетті шарт – ауылдық жерде кемінде үш жыл жұмыс істеу.

«Дипломмен – ауылға» мемлекеттік бағдарламасы аясында 2009–2024 жылдары: 114 мыңнан астам маман 23,6 млрд теңгеге көтерме жәрдемақы алды; 52 мыңнан астам маман 189,5 млрд теңге сомасында бюджеттік кредитті пайдаланды. Егер біржолғы көтерме жәрдемақы алушылардың құрылымына қарайтын болсақ 68,3 пайызы білім беру саласы (78 мың адам); 21,4 пайызы денсаулық сақтау қызметкерлері (6,9 мың адам); 3,5 пайызы ауыл шаруашылығы мамандары (4 мың адам); 0,8 пайызы ауылдық округ әкімі аппаратындағы мемлекеттік қызметшілер (900-ге жуық адам). Ал тұрғын үй кредитін алушылардың 67,1 пайызын білім беру (35,1 мың адам); 22,2 пайызын денсаулық сақтау (11,6 мың адам); 6,4 пайызын мәдениет, спорт және әлеуметтік қорғау (3,4 мың адам); 3,6 пайызын ауыл шаруашылығы (1,9 мың адам) мамандары; 0,7 пайызын ауылдық округ әкімі аппаратындағы мемлекеттік қызметшілер (360-тан астам адам) құрады.

Сан бар, сапа әлсіз

Бағдарлама сандық тұрғыда белгілі бір нәтижеге жетті. Елді мекендерге мыңдаған жас маман барды. Алайда, сапалық көрсеткіш, яғни мамандардың ауылда ұзақ уақыт тұрақтап қалуы төмен деңгейде қалды. Қаржылай қолдау бастапқы кезеңде тартымды болғанымен, еңбек жалақысы, кәсіби өсу, отбасы үшін жағдай сияқты факторлар әлі толық шешілмей отыр.

Тұрғын үй мәселесі біршама реттелгенімен, жол, интернет, медицина, білім, мәдениет инфрақұрылымы әлсіз ауылдарда маман ұстап қалу қиын. Мәселен, 2024 жылы Қазақстанда дәрігерлер тапшылығы 4 864-тен 3 954-ке дейін төмендеп, жалпы тапшылықты 19% азайтты. Алайда медицина қызметкері саны қалада 10 мың адамға 56,8 болса, ауылда –16,1 ғана болды.



Ауылдағы маман тапшылығы (салалар бойынша)

| Сала | Тапшылық көлемі | Негізгі себептер |
|------------------|---|---|
| Денсаулық сақтау | 4 000 дәрігер жетіспейді (ауылда) | Жалақы төмен, жұмыс жүктемесі көп, инфрақұрылым әлсіз |
| Білім беру | Пәндік мұғалімдер (физика, математика, IT) | Жас кадрлар қалаға кетеді |
| Ауыл шаруашылығы | 6 500 маман қажет. Оның ішінде агроном, ветеринар, инженер сияқты кадрлар | Ауыр еңбек, әлеуметтік жағдайдың төмендігі |
| Мәдениет, спорт | Жүйелі тапшылық | Қаржыландыру аз, мансаптық өсу жоқ |
| Әлеуметтік сала | Орташа тапшылық | Кәсіптің тартымдылығы төмен |

Мәселе қаржыға ғана тіреліп тұрған жоқ

Биылғы маусым айында ҚР Парламенті Сенатындағы Үкімет сағатында Ұлттық экономика вице-министрі Әлібек Қуантыров «Дипломмен ауылға» және «Ауыл – ел бесігі» жобаларының іске асырылу барысы туралы баяндама жасады. Онда 2025 жылы 4,5 мың маманға тұрғын үй сатып алу үшін бюджеттік кредитке 20 млрд теңге және 8 мың маманға жалпы сомасы 2,3 млрд теңге көтерме жәрдемақы беру жоспарланып отырғаны айтылды. Бұл бір қарағанда аз қаржы емес. Осыған қарамастан ауылдағы кадр тапшылығы әлі де шешілмеген күйінде қалып отыр. Оны сенаторлардың ҚР Премьер-министрінің орынбасары Қанат Бозымбаевқа жолдаған сауалынан да аңғаруға болады.

Заң шығарушы органның жоғары палатасы өкілдерінің пайымдауынша, жәрдемақы ауылға маман тартуға мүмкіндік береді, алайда жергілікті

жерде тұрақтап қалуға берік мотивация бермейді. Тиісті инфрақұрылымдар болмаған соң берілетін жәрдемақылар іс жүзінде көшіп баруға уақытша стимул ғана жасайды, мамандардың тұрақтап қалуын қамтамасыз етпейді. Бағдарламаның әлеуметтік маңыздылығына қарамастан, оны жүзеге асыруда біздің пайымымыз бойынша бірқатар жүйелі мәселелер бар.

БІРІНШІ, біржолғы төлем алғанымен, жас маман ауылдағы жұмысты ұзақ мерзімді стратегия емес, уақытша шара ретінде қарастырады. Нәтижесінде, міндетті мерзімнен кейін мамандар ауылда қалмайды. Қайтадан маман тапшылығы орын алады. Мамандар ауылға барғанымен қалайлы тұрмыстық жағдай болмаған соң бәсекелестікке кедергі келтіреді. Сондықтан бағдарламаның екпінін маман тартудан гөрі тұрақты түрде ұстап қалуға аудару қажет: шалғай аудандардағы жұмыс үшін ұзақ мерзімді сыйлықақылар, нәтиже бонустары, мансаптық өсу бағдарламалары және сертификаттау мәселелерін қарастыруға дұрыс.

ЕКІНШІ, сапалы тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселесі. Іс жүзінде тұрғын үй салу үшін өңірлерді қаржыландыру жеткіліксіз, шалғай елді мекендерде мердігерлердің болмауы, құрылыс материалдары құнының жоғары болуынан тұрғын-үй бағасы жиі өсуде, құжаттарды ресімдеудегі кедергілер айтарлықтай проблема туындағанды. Нәтижесінде маман ақшаны алады, бірақ сапалы тұрғын үй салу немесе сатып алуда қиындықтарға тап болады. Ауылға барған жас мамандар бюрократиялық кедергілерге шырмалып, бар ынтасымен жұмыс істеуге кірісе алмайды.

ҮШІНШІ, әкімшілік кедергілер және бюрократия. Ауылға баратын мамандардың жауаптары бойынша өңірлер бағдарламаның шарттарын әртүрлі түсіндіреді. Өтінімдерді қараудың ұзақ мерзімдері, көптеген анықтамаларды жинау қажеттілігі, іріктеу критерийлерінің ашық болмауы, төлемдердің кешігуі. Мұның бәрі бағдарламаның тартымдылығын төмендетеді және жас мамандардың сенімсіздігін тудырады.

ТӨРТІНШІ, кейбір аймақтар бағдарламаға қатысудың жоғары деңгейін көрсетеді. Басқа аймақтарда бәсеңділік жеткіліксіз. Бұл үрдіс, әсіресе демографияның теріс өсуі байқалатын солтүстік аймақтарда өзекті. Мысалы, өткен жылдың қорытындысы бойынша Түркістан облысында (1263 адам), БҚО-да (809 адам), Ақмола облысында (738 адам), ал СҚО-да 670 адам көтерме саудаға ие болды. Бұл СҚО-да кадр тапшылығы ең жоғары болғанына, сондай-ақ демографияның теріс өсуі мен халықтың қартаюына қарамастан, кадр тапшылығы проблемасын күшейтеді. Бағдарлама жүзеге асып жатқанымен, оның механизмдері жетілдірілмеген соң талап етіп отырған нәтижеге жеткізбей отыр.

БЕСІНШІ, бұл бағдарламаның монокалаларды қамтымауы. Монокалаларды кешенді дамытуда, білім беру және денсаулық сақтау саласындағы кадрлар тапшылығы мәселелерін шешу қажеттілігі бар. Осыған байланысты «Дипломмен – ауылға» бағдарламасына ұқсас «Дипломмен – монокалаға» бағдарламасын құру қажеттілігі өте өзекті.

«Бағдарламаның әлеуметтік әлеуеті зор, бірақ тиімділігі нашар. Осыған байланысты, бюджеттік шығыстарды тиімді ету мақсатымен кешенді түрде ауылдағы инфрақұрылымды, еңбек жағдайларын және әлеуметтік ортаны жақсартуға баса назар аудару отырып, аталған бағдарламаға терең талдау жасап, барынша пысықтау қажет. Депутаттық сауалда көтерілген жүйелі мәселелердің шешу жолдарын қарастыра отырып, оны қайта қарау қажет деп есептейміз», – деген сенатор Нұртөре Жүсіпке әріптестері А.Арғынбекова, А.Есбай, Т.Жүнісов, А.Қапбарова, А.Нухұлы, Ә.Рахметова, Р.Рүстемов қолдау білдірген.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘЦІМІМЕ



Бағлан МИРЗАХМЕТОВ,
«Оңтүстік Жарық Транзит» ЖШС Кентау электр жүйелерінің бастығы:

«ӘЛЕМДЕГІ ЕҢ ҚЫМБАТ ВАЛЮТА – ЭНЕРГИЯ!»

(Соңы. Басы 1-бетте)

– Өткен жылға арналған инвестициялық бағдарлама аясында «Оңтүстік Жарық Транзит» ЖШС Кентау электр желілері тарапынан бірқатар маңызды жобалар жүзеге асырылуда. Атап айтқанда, 2025 жылы екі ірі қосалқы станцияда қайта жаңарту жұмыстары жүргізілуде. ПС 35/6 кВ «Гормолзавод». Оның тозу деңгейі 96,1%-дан, 30%-ға төмендеген. Сонымен қатар, ПС 35/10 кВ «Атабай» – тозу деңгейі 80%. Аталған қосалқы станция толықтай жаңартылады. Осы бағдарлама аясында жалпы ұзындығы 8,289 шақырым болатын 6 кВ кернеулі әуе электр желілері жаңғыртылатын болады. Түркістан қаласындағы КС(ПС) «КЭЗ 35/6 кВ» басталып «Хлеб Завод» гимназияна дейінгі жұмыстар 60%-ға аяқталды.

Ал 2025 жылдың қорытындысы бойынша 65 рет электр энергия көздерінің өшуі орын алған, оның ішінде: жоспарлы өшірулер саны – 32, авариялық өшірулер саны – 33. Яғни, инвестициялық бағдарламаның тиімділігі байқалады.

– **Бағлан Құрбанәліұлы, «Оңтүстік Жарық Транзит» ЖШС Кентау электр жүйесінің қарамағында қанша станция бар?**

– Біздің мекемеге 11 станция қарайды – Кентау қаласы және қалаға қарасты ауылдар, Түркістан, Сауран, Шәуілдір. Созақ және тағы басқа жерлердің электр желілерін қамтамасыз етеміз. Сонымен қатар, қарап отырсаңыз, қазіргі таңда қалада және ауылдық аймақтарда бұрынғыдай электр желілері көрінбейді. Заманауи технология бойынша адам көп шоғырланған жерлердегі электр сымдары жер астымен жүргізілген. Ал қала сыртындағы кейбір электр сымдары жер

ден кетті, біршамасы зейнетке шықты. Ал олардың орнын басатын жастардың үлесі тым аз. Өкінішке қарай, Тәуелсіздік алған 30 жылдың ішінде электр және жылу энергетиктерін тек теория жүзінде ғана даярлады. Электр саласында білім алатын студенттерге теориядан бөлек практиканы көбірек үйрету керек деп ойлаймын. Сонда ғана біз мықты мамандардың қатарын толықтыра аламыз.

– **Бағлан Құрбанәліұлы, әлемдік тәжірибеге қарай біз де күн, жел, су электр стансаларына жаппай көшіп жатырмыз. «Жасыл энергетикаға» көшудеміз. Осы жаңашылдықтар қандай нәтиже беруде?**

– Мемлекет басшысының басты тапсырмасы – жасыл энергетикаға бет бұру. Осы орайда экономиканың басым бағыты көмірсутекті шикізатты өндірумен байланысты. Егер күн, жел, су электр стансаларына қажетті жабдықтардың бәрін өзімізде шығарсақ бұлардың пайдасы шаштөктен болар еді. Өйткені тиімді әрі арзан. Сондай-ақ бұл қадамымыз өзге мемлекеттерге өнеге де болар еді. Ал біз дәл қазіргі уақытта бұлардың бәрін де өзімізде өндірмейміз. Сырттан сатып әкелеміз. Себебі, импорттық өнімнің бағасы қашанда қымбат. Сондықтан да біз электр энергиясы бағасының нақты қанша болатынын да болжай алмаймыз. Біз электр қуатын Қырғызстан мен Өзбекстаннан сатып аламыз. Егер олар бағаны қымбаттатса, біздің де электр бағасын көтеруімізге тура келеді.

Өндірілген қуатты тұтынушыларға тарататын электр желілері жүйесінің де әлеуеті жоғары. Аталған бағыт әлі де дамып келеді. Айтпағым, бізде білікті мамандар тапшылығы өзекті мәселеге айналуға. Кезіндегі мықты мамандардың, біразы өмірден өтті, біразы елден кетті, біршамасы зейнетке шықты. Ал олардың орнын басатын жастардың үлесі тым аз. Өкінішке қарай, Тәуелсіздік алған 30 жылдың ішінде электр және жылу энергетиктерін тек теория жүзінде ғана даярлады. Электр саласында білім алатын студенттерге теориядан бөлек практиканы көбірек үйрету керек деп ойлаймын. Сонда ғана біз мықты мамандардың қатарын толықтыра аламыз.

астымен жүргізуге қолайсыз болғандықтан, олар баған арқылы жүргізілген. Бұл желілер мен бағандар да кезең-кезеңімен жаңартылуда. Мұндай жұмыстар электр энергиясының сапасын арттыруға, апаттық жағдайлардың алдын алуға және тұтынушылардың үздіксіз электр қуатымен қамтамасыз етуге бағытталған. Энергетикалық инфрақұрылымды кезең-кезеңімен жаңарту – ауыл тұрғындарының өмір сапасын жақсартуға жасалып жатқан нақты қадам. Қазіргі таңда жобалық жұмыстар белгіленген мерзімге сай орындалуда.

– **Отандық электр энергетика саласының қазіргі жағдайы қалай дамуда?**

– Бізде бұл сала жақсы дамыған. Әсіресе электр қуатын өндіретін стансалар озық технологиямен салынуда. Өндірілген қуатты тұтынушыларға тарататын электр желілері жүйесінің де әлеуеті жоғары. Аталған бағыт әлі де дамып келеді. Айтпағым, бізде білікті мамандар тапшылығы өзекті мәселеге айналуға. Кезіндегі мықты мамандардың біразы өмірден өтті, біразы ел

– **Электр энергетикасын «екі сымды жалғау» деп түсінетіндер әлі де көп. Электр ғылымы бізде қаншалықты дамыған?**

– Иә, сұрағыңызға толықтай қосыламын. Электр екі сымды жалғайды да кетеді деп түсінетіндер әлі де көп. Энергетика екі үлкен саладан тұрады. Бірі – жылу энергетикасы, екіншісі – электр энергетикасы. Жылу энергетикасы – электр энергетикасының негізі. Жылуды түрлендіру арқылы электр қуатын аламыз. Қазір күн энергетикасын пайдалануға ден қойылып жатыр. Әсіресе күн сәулесін тікелей түрлендіру арқылы электр қуатын алып жүрміз. Күн панельдері күннің сәулесін бірден электр қуатына айналдырады. Бірақ олардың пайдалану коэффициенттері өте төмен. Энергетика – көзге көрінбейтін, бірақ өміріміздің әр сәтін жарық пен жылумен қамтамасыз ететін маңызды жүйе.

– **Бағлан Құрбанәліұлы, уақыт бөліп, сұхбат бергеніңізге рақмет!**

Раушан ПЕРНЕХАНҚЫЗЫ
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

МЕРЕЙ

Ана халқымыз едетте кемеліне келген, елге адал қызмет етіп, жұртшылықтың ризашылығына бөленіп жүрген адамды азамат деп жатады. Тәуелсіз еліміздің жарқын болашағы үшін абыроймен қызмет атқарып жүрген сондай азаматтардың бірі – Айсұлтан Жабайұлы Балмұханов.

СУДЬЯ. ТӘЛІМГЕР. АЗАМАТ.



Ол 1966 жылдың 13 қаңтарында Ақтөбе облысы Темір ауданы Шұбарқұдық кентінде өмірге келген. Сондағы орта мектепті 1982 жылы аяқтаған жас жігіт өз қатарластарымен бірге арман қуып Ақтөбедегі құрылыс техникумына оқуға түсті. 1984 жылы Отан алдындағы борышын өтеуге әскер қатарына шақырылды.

Әскери борышын шекара бөлімшесінде атқарып келген Айсұлтан әскерден соң техникумдағы оқуын аяқтап, бейбіт еңбекке араласуды ойлайтын. Сол жылы интернационалдық борышын өтеуге ол Ауғанстанға жіберіліп, сол оқиға оның өміріне түбегейлі өзгеріс енгізетінін білген жоқ. Бөтен елде болып жатқан соғыс қимылдарының арасына кіріп кеткен жас жігіт өмір мен өлімді көзімен көріп, жүрегімен сезінді.

Сөйтіп өмір оны ерте есейтті. Сондай кескілескен ұрыстардың бәрі күні кешегідей есінде... 1985 жылдың 22 қарашасында Ауғанстандағы Зардев шатқалында Ярым және Афридж қышпактары орналасқан жерде Айсұлтан бастаған бөлімше жауынгерлері әскери операцияға кірісіп кетті. Сонда ол ажалмен бетпе-бет келгенін кейіннен сезінді, сол кескілескен қанды қырғын кезінде бірнеше қарулас жолдастары қаза тапқан еді... Ол бүгінде жас жеткіншектермен өткен кездесулерде достары жөнінде айтудан жалыққан емес.

Отан алдындағы әскери борышын абыроймен орындаған ол аға сержант әскери атағын алып елге аман оралғанда Әділет органында қызмет етуді алдына мақсат етіп қойған Айсұлтан

Алматыдағы С.М. Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік университетінің (КазГУ) заң факультетіне дайындық курсына оқуға түсіп, студент атанды. Сол оқу орнын 1992 жылы ойдағыдай аяқтап, заңгерлік диплом алған А. Жабайұлының өмірі содан бергі уақытта отандық сот жүйесімен тығыз байланысты. Алға, Хромтау аудандық соттарының, Ақтөбе облыстық сотының судьясы лауазымдарын үлкен абыроймен атқарды. Ақтөбе облысының Мұғалжар аудандық сотының, Ақтөбе қаласы №2 сотының, Хромтау аудандық сотының төрағасы лауазымдарында жүріп, әріптестер арасында абырой-беделге ие болды.

Кейіпкеріміз өзінің судья ретінде қалыптасуына дұрыс жол сілтеген өмірлік ұстаздары – Қ.Кейкин, И.Әміров, Б.Бекназаров сынды сот жүйесі майталмандарының еңбегін үнемі құрметпен айтып отырады. Айсұлтан Жабайұлы өзі де жас қайрларды тәрбиелеуге көңіл бөлді. Кезінде сотта амалмен жүргізушісі болып жұмысты бастаған оның шәкірттерінің бірі қазір судья лауазымын атқарып жүрсе, екіншісі судьялық қызметке тағайындау үшін Жоғары Сот Кеңесінің ұсынысын алып отыр.

Қызметте оның тәлім-тәрбиесін көрген бірқатар шәкірттері қазірде судьялық және сот төрағасы лауазымдарын абыроймен атқаруда. Бұл оның білгір судья болуымен қатар, ұйымдастырушылық қабілеті жоғары сот төрағасы екенін білдіреді. Осының бәрі оның азаматтық келбетінің бір бөлігі ғана.

2024 жылы шілде айында Құрметті отставкаға шыққан Айсұлтан Жабайұлы үлгілі отағасы. Зайыбы Мира екеуі бір қыз, екі ұл тәрбиеледі. Бүгінде кішкентай жиендерінің қуанышына бөленуде. Зайыбы Мира – тәжірибелі мемлекеттік қызметші. Қызы Айдана «Атамекен» Ұлттық Кәсіпкерлер палатасында сарапшы болса, күйеу баласы Дәулет прокурор болып қызмет атқарады. Ал үлкен ұлы Айдар Әділет министрлігінде жауапты қызметте, ал кіші ұлы Льяс – прокурор. Өзінің айтуынша, оның басты байлығы – осы балалары.

Міне, кейіпкеріміздің азаматтық келбеті осындай.

Оралбек БАҚТЫГЕРЕЕВ,
Құрметті отставкадағы судья

ЭКОЛОГИЯ

Елордада абаттандыру, көгалдандыру және жол жөндеу мәселелері бойынша өтім жолдауына арналған «Таза Қазақстан» онлайн-платформасының жұмысы нәтижелі түрде жалғасуда. Қала тұрғындары арасында бұл қызметке сұраныс жоғары.

«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН»

АКЦИЯСЫ ЖАЛҒАСА БЕРЕДІ

«Таза Қазақстан» платформасы арқылы әрбір қала тұрғыны абаттандыруға қатысты өзекті мәселелерді көтере алады.

Платформа іске қосылғаннан бері мұнда барлығы 3 669 өтім келіп түскен. Оның 3 305-і толық орындалған, тағы 3 өтім орындалу үстінде, қалғаны қарау сатысында. Өтімдердің басым бөлігі аумақтарды абаттандыру, көшелерді жарықтандыру, жол жөндеу, көгалдандыру, сондай-ақ рұқсатсыз кокос үйінділерін жою мәселелеріне қатысты.

Барлық ескерту мен ұсыныс уақытылы қаралып, тұрғындарға келтірілетін қолайсыздықтарды барынша азайтуға мүмкіндік беріп отыр.

А.ҚҰРМАНҒАЛИ
АСТАНА ҚАЛАСЫ

МАУСЫМ

Жаңадан ашылған «Magic Burabay» тұжырымдамасы барлық жастағы қонақтарға арналған жаңа жылдық сиқыр, жайлылық пен бөлсенді демалыс атмосферасын біріктіреді.

Маусым аясында туристердің жайлылығы үшін жаңа жобалар іске қосылды: курорттың ақпараттық топтары «Хан Шатыр» СОО-да және Астана халықаралық әуежайында жұмысын баста-



ды, ал Щучинск қаласының вокзалында заманауи Vizit-орталық ашылды. Бұл локациялардан курорттағы демалыс мүмкіндіктері, алдағы іс-шаралар және қысқы маусымның ерекшеліктері туралы ақпарат алуға болады. Ақпараттық кеңістіктің форматы шетелдік қонақтарға маршрутты алдын ала жоспарлап, белсенді демалыс түрлерін таңдауға мүмкіндік береді.

Қонақтар үшін негізгі қысқы локациялар дайындалды: Жұмбақтас жартасы, курорттың Визит-орталығы, Бурабай кентінің орталық алаңы

және «Қазақстандық Лапландия». Мұнда мұз айдындары, қар сырғанақтары, фотозоналар жұмыс істейді, балалар мен отбасылық белсенділіктер, сондай-ақ Санта-Клаус, бұғылар және хаски итеріннің қатысуымен экскурсиялар өткізіледі. Маусым бойы шаңғы жарысы, «Burabay Ice» жүгірісі және қысқы балық аулау фестивалі сияқты спорттық және ойын-сауық шаралары жоспарланған.

А.ТОҚАНОВ
АҚМОЛА ОБЛЫСЫ



ЭКСПОРТТЫҢ АЗДЫҒЫ – БІЛІМСІЗДІКТЕН

Мемлекет басшысы қыркүйектегі дәстүрлі жолдауында: «Экономиканы өртарапандыруды тың қарқынмен жалғастыру керек. Ішкі және сыртқы нарықта бәсекеге қабілетті, терең өңделген өнім шығаруға басымдық берілуге тиіс. Қазір бұл жұмыс жүйесіз жүргізіліп жатыр. Қолдау шарасын ұстанымдары мен талаптары өртүрлі институттар жүзеге асырады. Мұндай ахуал кәсіпкерлерді әбден шатастырады. Бұл саланы ретке келтіріп, үйлестіру жұмысын толығымен қолға алу керек», – деген еді.

Арада 3 айдан астам уақыт өтті. Өзірге бұл бағытта көңіл қуантарлық жаңалық болмай тұр. Жаңа өндіріс орнын ашып, шикізаттың өз елімізде өңделуіне үлес қосқым келеді деген жеке кәсіпкерлер үшін әлі де бір жерге жинақталған ақпараттық база жасалған жоқ. Олар біресе «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлік палатасына, біресе «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қорына, біресе жергілікті атқару органдарындағы өндіріс пен инвестиция тартуға жауапты уәкілетті органдарға сабылып жүр. Әрқайсысы «енді идеяңызды жүзеге асыру үшін мына құжаттарды жинақтау қажет» деп бір-бір тізімді ұсынады. Бизнес жоспар жасаудан бастап, өнімді қайда, қалай экспорттауға болатынын білмейді. Сондықтан бұл бағытта мемлекет тарапынан жасалатын қолдау мен көмектен көбі хабарсыз. Кәсіпті енді бастағалы жүргендер ғана емес, Қазақстанда өз ісін жүргізіп келе жатқанына бір емес, бірнеше жыл болған өндірісшілердің арасында да экспорттың мүмкіндігін әлі түсінбеген және ондағы мемлекеттің қолдау шараларынан мағлұматы жоқтар мыңдап емес, миллиондап саналады.

«Республикада 2 млн-нан астам өндірісші болғанымен оның 760-сы ғана қазір өз өнімін сыртқа экспорттап отыр. Бұл Қазақстан үшін өте төмен көрсеткіш. Өйткені Қазақстанда сыртқы сауданың 65 пайызын экспорт, 35 пайызын импорт құрайды. Егер экспорт құрылымына көз жүгіртсек

оның 70 пайызы минералдық ресурстар. Ал азық-түлік және басқалары 6-дан 11 пайызға дейін ғана», – дейді Қазақстан экспортшылар қауымдастығының төрағасы Гүлмира Юсупова. Оның айтуынша, экспорттың аздығы – білімсіздіктен, көбі үшін экспорт қорқынышты. Ондағы басты кедергі құжат рәсімдеу. Ал экспорттың пайдасы өндірісші үшін ғана емес, еліміз үшін де көл-көсір. Онда көлеңкелі сауда болмайды. Ол ашық болады.

«Егер өндірісші тек ішкі нарыққа бағытталса оның тауарларының өзіндік құны жоғары болады. Егер экспортқа шығаратын болса өзіндік құны азаяды. Менен біздің тауарлар импорттық тауарлардан неге қымбат деп сұрайтындар көп. Себебі, импорттық тауарлар экспортқа шығып отыр. Оларда өндіріс көлемі үлкен болған соң өзіндік құны арзандайды. Сондықтан экспорт отандық өндірісті дамытудың ең дұрыс шешімі. Сол арқылы олар ішкі нарықта бәсекелестікке қабілетті болып, сыртқы нарықта өзгелерге бәсекелес болуға мүмкіндік аламыз. Біз де қазір түрлі өнімдерді өндіріп қана қоймай, оны тұтынушының көңілінен шығатындай етіп әдемі орамамен қаптап аламыз. Енді қалғаны сату ғана», – деген Г.Юсупова бұл бағытта Қазақстанның әлеуеті өте зор екенін айтып отыр. Оның айтуынша, бұл Ұлы Жібек Жолы бойындағы елдердің жақында Алматыда өткен халықаралық көрмесі кезінде де айқын аңғарылды. Қазақстандық өндірісшілердің өнімі қазір сапа жағынан ешкімнен кем түспейді.

Шет елдерде Қазақстан тауарлары табиғи таза өнім ретінде жоғары бағаланады. Бұл жағынан бізге теңізге тіке шығатын жолымыздың болмауының зиянымен қатар пайдасы да болып тұр. Атап айтқанда, өнімділікті арттыратын химикаттардың бізге енуі қиын. Кірген жағдайда бағасы өте қымбат. Сондықтан ол біздегі өндірісшілерге тиімсіз. Есесіне біздегі шикізат пен одан жасалатын өнімдер табиғи. Бұл біздің экспорттағы басты артықшылығымыз.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»



Мемлекет басшысы «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне ҚР Конституциялық Сотының шешімдерін орындау және заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңына қол қойды.

Бұл ретте аталған тұлғалар бұрынғыдай сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының субъектілері болып қала береді, мемлекеттік қызметшілермен тең дәрежеде сыбайлас жемқорлыққа қарсы органның

УӘКІЛЕТТІ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ КӘСІПКЕРЛІКПЕН АЙНАЛЫСУҒА ҚҰҚЫҒЫ БАР МА?

Аталған заң Конституциялық Соттың нормативтік қаулыларын іске асыру мақсатында әзірленіп, заңнаманы Конституцияға сәйкестендіруге, жария және жеке мүдделер арасындағы теңгерімді қамтамасыз етуге, сондай-ақ тиімді сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес тетіктерін сақтай отырып, мемлекеттік қызметтің тартымдылығын арттыруға бағытталған. Заңның негізгі бағыттарының бірі – 2023 жылғы 13 маусымдағы Конституциялық Соттың нормативтік қаулысында көрсетілген құқықтық ұстанымды ескере отырып әзірленген «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңға енгізілген өзгерістер саналады. Атап айтқанда, егер мұндай шектеу конституциялық тұғырды қорғау, қоғамдық тәртіпті сақтау, адам құқықтары мен бостандықтарын, халықтың денсаулығы мен имандылығын қорғау мақсаттарымен негізделмесе, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті адамдарға теңестірілген тұлғалар үшін кәсіпкерлік және өзге де ақы төленетін қызметпен айналысуға тыйым салу алынып тасталды.

Конституциялық Сот кәсіпкерлік қызметті шектеу дифференциаланған болуы және лауазымдық міндеттердің сипатына байланысты айқындалуы тиіс екенін атап өтті. Осы Конституциялық Сот шешімін іске асыру мақсатында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңның 13-бабынан мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті адамдарға теңестірілген тұлғалар үшін кәсіпкерлік және өзге де ақы төленетін қызметпен айналысуға тыйым салу нормасы алып тасталды. Оларға мемлекеттік орган болып та-

былмайтын мемлекеттік мекемелерде, мемлекеттік кәсіпорындарда (оның ішінде мектептерде, ауруханаларда) және квазимемлекеттік сектордың өзге де субъектілерінде басқарушылық функцияларды жүзеге асыратын тұлғалар (бірінші басшылар, олардың орынбасарлары, мемлекеттік сатып алу департаменттерінің басшылары, филиалдар басшылары), «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының қызметкерлері, сондай-ақ көлік жолдарында техникалық және авторлық қадағалауды жүзеге асыратын тұлғалар жатады.

Сонымен қатар заңда мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті адамдарға теңестірілген тұлғалардың кәсіпкерлік және өзге де ақы төленетін қызметпен айналысуына жол берілмейтін жағдайлар бекітілген. Атап айтқанда, егер мұндай қызмет лауазымдық міндеттерді орындауға кедергі келтірсе, қызметтік мүлікті пайдалануға әкеп соқса немесе мүдделер қақтығысын тудырса, мұндай қызметке тыйым салынады.

бақылауында болады және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары үшін қылмыстық және әкімшілік жауаптылықта болады. Осыған орай, оларға қаржылық бақылау шаралары, мүдделер қақтығысының алдын алу жөніндегі талаптар, сондай-ақ туыстарымен бірлесіп қызмет атқаруға тыйым салу нормалары қолданылады. Тіптіңше, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру кезінде белгіленген шектеулерді бұзу, оның ішінде қызметтік мүлікті пайдалану немесе мүдделер қақтығысы жағдайында қызмет атқару фактілері анықталған жағдайда, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңда сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтамағаны үшін жұмыстан босату түріндегі жауаптылық көзделген. Қабылданған заң конституциялық заңдылықты нығайтуға және әділеттілік, ашықтық пен құқықтық мемлекет қағидаттарын одан әрі дамытуға бағытталған.

Аружан МАУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»

Қазіргі қоғамда жастарды еңбек нарығына бейімдеу мәселесі мемлекеттік саясаттың, білім беру жүйесінің және құқықтық дамудың өзекті бағыттарының біріне айналып отыр. Экономиканың құрылымы өзгеріп, құқықтық қатынастар күрделене түскен кезеңде жас мамандардан тек теориялық білім ғана емес, практикалық дайындық, құқықтық ойлау және кәсіби жауапкершілік талап етіледі. Осы орайда жоғары оқу орындарының, соның ішінде құқық саласы бойынша маман даярлайтын кафедралардың рөлі айрықша.

ЖАСТАРДЫ ЕҢБЕК НАРЫҒЫНА ДАЙЫНДАУДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ЖОҒАРЫ



Мемлекет басшысы өз жолдауларында жастардың жұмыспен қамтылуы, адами капиталды дамыту және білім мен еңбек нарығының өзара байланысын күшейту мәселелеріне үнемі назар аударып келеді. Бұл міндеттердің жүзеге асуы жоғары оқу орындарының жүйелі әрі сапалы қызметіне тікелей байланысты.

Бүгінгі еңбек нарығында заң саласының мамандарына қойылатын талаптар едәуір артты. Құқық қорғау органдары, сот жүйесі, мемлекеттік басқару, бизнес құрылымдары мен азаматтық қоғам институттары құқықтық сауаты жоғары, тәжірибеге бейімделген кадрларға мұқтаж. Сонымен қатар, жұмыс берушілер жас заңгерлерден нақты істермен жұмыс істей алатын, құқық қолдану тәжірибесін меңгерген, нормативтік-құқықтық актілерді талдай білетін қабілет күтеді. Бұл талаптар жоғары оқу орындарының оқу бағдарламаларын үнемі жаңартып, еңбек нарығындағы сұраныспен сәйкестендіру қажеттігін көрсетеді. Ш.Есенов университетінің құқықтану кафедрасында білім беру процесі осы талаптарды ескере отырып ұйымдастырылады. Оқу жоспарларында салалық заңнама, сот практикасы, құқық қолдану мәселелеріне арналған пәндерге басымдық беріледі.

Жастарды еңбек нарығына дайындаудағы негізгі міндеттердің бірі – теориялық білім мен практикалық дағдылар арасындағы алшақтықты азайту. Бұл әсіресе құқық саласында ерекше маңызды не. Себебі заңгердің кәсіби қызметі нақты құқықтық жағдайларды шешумен тығыз байланысты. Осы мақсатта кафедрада тәжірибеге бағытталған оқыту элементтері кеңінен қолданылады. Студенттер оқу барысында сот актілерін талдау, процессуалдық құжаттар әзірлеу, құқықтық жағдайларға сараптама жасау сияқты тапсырмаларды орындайды. Өндірістік және дипломалды практика мемлекеттік органдарда, соттарда, адвокаттық кеңселерде, заң қызметтерінде өтеді. Мұндай тәсіл болашақ түлектің еңбек ұжымына тез бейімделуіне, өз кәсібіне сенімді қадам жасауына мүмкіндік береді.

Еңбек нарығына бейімделген маман даярлау тек жоғары оқу орнының күшімен шектелмеуі тиіс. Бұл – жоғары оқу орындары мен жұмыс берушілердің бірлескен жауапкершілігі. Осы бағытта құқықтану кафедрасы құқық қорғау органдарымен, сот жүйесі өкілдерімен, мемлекеттік мекемелермен және заң қызметімен тұрақты байланыс орнатқан. Тәжірибелі мамандар дәріс оқуға, шеберлік сабақтарын өткізуге тартылып, студенттерге кәсіби орта талаптарын түсіндіреді. Мұндай серіктестік болашақ заңгердің кәсіби бағдарын нақтылауға, еңбек нарығындағы нақты сұранысты алдын ала сезінуге жағдай жасайды.

Жоғары оқу орындарының міндеті тек кәсіби кадр даярлаумен шектелмейді. Университет қабырғасында студенттің құқықтық мәдениеті, азаматтық ұстанымы, әлеуметтік жауапкершілігі қалыптасады. Бұл – заңгер мамандығы үшін аса маңызды фактор.

Қоғамдағы заң үстемдігі, құқыққа құрмет пен әділеттілік қағидаттарының орнығуы жас мамандардың дүниетанымына тікелей байланысты. Сондықтан құқықтану саласында білім беретін кафедралар жастарды тек маман ретінде емес, саналы азамат ретінде тәрбиелеуге баса мән беруі тиіс. Бұл бағытта студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарына, құқықтық ағарту шараларына, пікірталас алаңдарына қатысу олардың кәсіби әрі тұлғалық дамуына оң ықпал етеді.

Оқу процесінде пікірталас, кейс-стади, сот процесін модельдеу сияқты әдістерді қолдану студенттердің осы дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Нәтижесінде, түлек кәсіби ортада өз ойын еркін жеткізе алатын, жауапкершілікті сезінетін маман ретінде қалыптасады.

Жастарды еңбек нарығына дайындау – уақыт талабынан туындаған кешенді міндет. Бұл үдерісте жоғары оқу орындары, соның ішінде құқық саласы бойынша маман даярлайтын кафедралар шешуші рөл атқарады.

Ш.Есенов университетінің құқықтану кафедрасы еңбек нарығының сұранысын ескере отырып, бәсекеге қабілетті, кәсіби әрі азаматтық жауапкершілігі жоғары заңгер мамандарды даярлауға бағытталған жұмысын жалғастыра береді. Себебі сапалы білім мен саналы тәрбие – құқықтық мемлекет пен тұрақты қоғамның берік негізі.

Гүлнар ІЗТҮРҒАНОВА,
Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, құқықтану кафедрасының аға оқытушысы, заң ғылымдарының магистрі

ОҢ ҚАДАМ

Абай облысының Көкпекті ауданындағы Көкжайық және Тассай ауылдарында «Ауыл құтқарушылары» бағдарламасы аясында ерікті өрт сөндіру бекеттері пайдалануға берілді.

«АУЫЛ ҚҰТҚАРУШЫЛАРЫ» ҚАТАРҒА ҚОСЫЛДЫ



Көкжайық ауылдық округінде ашылған өрт сөндіру бекеті 460 тұрғын үй мен 1 455 тұрғыны бар Көкжайық, Қарамойыл, Ақой және Қарағандыкөл елді мекендерінің өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Тассай ауылдық

округіндегі өрт сөндіру бекеті Тассай, Қайнар, Ақсу және Үшкөмей елді мекендеріне қызмет көрсетіп, 319 тұрғын үй мен 1 088 тұрғынды қамтитын болады.

Бесқарағай ауданы аумағының 400

мың гектарға жуық жерін ну орман алып жатыр. Осыған байланысты орман және дала өрттерінің алдын алу – өңір үшін аса маңызды міндеттердің бірі. Осы мақсатта соңғы үш жыл ішінде Бесқарағай ауданының Бөдене, Ер-назар және Қарабас ауылдарында жаңа өрт сөндіру бекеттері ашылып, пайдалануға берілді. Бұл нысандар ауыл тұрғындарының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және төтенше жағдайлардың алдын алуға бағытталған.

Қарабас ауылында өткен салтанатты ашылу рәсіміне аудан әкімінің міндетін атқарушы Ділдар Қалиқанұлы қатысып, тұрғындар мен орман алқаптарының қауіпсіздігін сақтау аудан басшылығының басты міндеті екенін атап өтті.

Жаңа өрт сөндіру пункттері тәулік бойы жұмыс істеуге толық мүмкіндік беретін заманауи құрал-жабдықтармен қамтылған. Мұнда демалыс бөлмесі, ас үй аймағы, санитарлық торап және жуынатын бөлме қарастырылған. Бекеттер тұрмыстық, дала және орман өрттері кезінде жедел әрекет етуге бағытталған.

«Ауыл құтқарушылары» бағдарламасы аясында 2026 жылы ауданның тағы бірқатар елді мекендерінде осындай өрт сөндіру бекеттерін салу жоспарланып отыр. Бұл бастама ауылдық жерлердегі қауіпсіздікті арттырып, төтенше жағдайлардың алдын алуға үлес қоспақ.

Е.ЕРЖАНҰЛЫ
АБАЙ ОБЛЫСЫ

ҚАВЫҢДАУ

ПОЛИЦИЯ ХАЛЫҚПЕН БІРГЕ

Полиция департаментінде азаматтарды қабылдау шаралары жүйелі түрде, белгіленген кестеге сәйкес тұрақты өткізіліп отырады.

Өткен жылы Түркістан облыстық Полиция департаментінің бастығы, полиция генерал-майоры Мұрат Қабденов 20-дан астам жеке қабылдау өткізіп, 110 азаматты қабылдады. Ал орынбасарлары 450-ден астам азаматтың мәселесіне ден қойды. Қалалық, аудандық полиция басқармасы мен бөлімдерінің басшылары 426 қабылдау өткізіп, 900-ден астам азаматтың арыз-шағымына назар аударды.

Сонымен қатар Түркістан облысы Полиция департаментінің бастығы Мұрат Қабденов өткен жылғы кезекті жеке қабылдауда құқықтық даулар мен қылмыстық істерді тергеу, алаяқтық қылмысы, кадр мәселелері

бойынша тұрғындар сауалына жауап берді. Кездесу барысында әрбір келуші өз жағдайын баяндауға және оны шешу бойынша ұсыныстар алуға мүмкіндік алды.

Азаматтардың барлық өтініштерін департамент басшылығы жеке бақылауына алды. Қабылдауға қатысқан азаматтар әрбір мәселеге мұқият қарағаны үшін полицияға алғыстарын білдірді.

Жеке қабылдау – тұрғындардың нақты мәселелерін анықтап, тез арада мәселенің жауабын шешуге мүмкіндік беруімен құнды.

Р.НАРБЕК
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ



ШАРА

БІЗ ЕСІРТКІГЕ ҚАРСЫМЫЗ

Талдықорған қаласында есірткіні жасырын насихаттаудың аса қауіпті түрі саналатын – наркографитиді бояп өшіруге арналған ауқымды профилактикалық іс-шара өтті. Ақцияны Жетісу облысы Полиция департаментінің Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының қызметкерлері Құқықбұзушылықтың алдын алу жөніндегі кеңеспен және еріктілермен бірлесіп ұйымдастырды.

Наркографити – бұл қабырғалардағы жай жазу емес. Оның артында тыйым салынған заттарды тарату арналары, жастарды қылмыстық ортаға тарту және адам тағдырының күйреуі тұр. Сондықтан оған қарсы күрес – полицияның ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ жауапкершілігі.

Іс-шара барысында ондаған ғимараттың қасбеті, қоршаулар мен подъездер заңсыз жазулардан тазартылды. Еріктілер, полиция қызметкерлері мен қоғам белсенділері нық тірестіре

еңбек етіп, елдің болашағына қауіп төндіретін қатерлерге тек бірлесе қарсы тұруға болатынын көрсетті.

Осы орайда бұған дейін Талдықорғанда есірткі құралдары мен психотроптық заттардың заңсыз жарнамасын таратты деген күдікпен екі ер адамның ұсталғанын еске салған жөн. Сонымен қатар, жыл басынан бері Жетісу облысы аумағында 100-ден астам наркографити бояп өшірілді. Бұл профилактикалық жұмыстың жүйелі түрде жүргізіліп жатқанын және құқық қорғау органдарының есірткі қатеріне қарсы күрестегі принципті ұстанымын айқын көрсетеді.

Біз – қауіпсіз әрі салауатты болашақты қолдаймыз. Біз – есірткіге қарсымыз.

А.МАУЛЕНБАЙ
ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ

ҚҰРМЕТ

САҚШЫЛАР МЕРЕКЕДЕ ДЕ САПТА

Шымкент қаласы Полиция департаментінің бастығы Нұрлан Алмасбеков пен орынбасарлары жаңа жыл түні кезекшілікке түскен полиция қызметкерлерін мерекелен құттықтады.

Департамент басшылығы мереке кезінде қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жоғары жауапкершілікті талап ететінін атап өтіп, жеке құрамға адал қызметі мен антақа беріктігі үшін алғысын білдірді. Сондай-ақ, полицияның үздіксіз әрі жауапты еңбегінің арқасында қала тұрғындары Жаңа жылды қауіпсіз қарсы алатынын жеткізді.

Р.НАРБЕК
ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ

ЖАРНАМА

ТАРАТУ

2. «Жанқұл-2030» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (БСН 120940005582) өз жұмысын тоқтататындығын хабарлайды. Шағымдар жарияланған күннен бастап екі ай көлемінде төмендегі мекенжай бойынша қабылданады. Батыс Қазақстан облысы, Сырым ауданы, Жымпиты ауылы, С.Сейфуллин көшесі 41-үй.

3. «Жинишке» өндірістік кооперативі (БСН 970340005408) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, БҚО, Шыңғырлау ауданы, Ащысай ауылдық округі, Жінішке ауылы.

4. «УЛЫБКА» ЖШС (БСН 940140000028) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ШҚО, Өскемен қаласы, Протоионов көшесі, 65-үй, 19 кеңсе, тел. +7 705 230 0067.

5. «Зан Айна» ЖШС (БСН 240140014448) өзінің таратылғандығы туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Нұра ауданы, Сығанақ көшесі, 23-үй, 59-пәтер. Тел. 8 707 171 51 24.

7. «SM media» ЖШС (БСН 190740010920) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Жетісу ауданы, Құлагер шағын ауданы, 71-үй, 21-пәтер. Тел. +7 701 610 98 67.

9. «СВС Блок Сервис» ЖШС (БСН 050740001100) жабылуы туралы хабарлайды. Барлық шағымдар хабарлама шыққаннан соң 2 ай мерзім ішінде келесі мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Түркісіб ауданы, Майлин ықшам ауданы, 85-үй, 5-кеңсе, индекс 050054.

10. «Астайва» ЖШС (БСН 220440015255) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Т. Шевченко көшесі, 4/1, т.е. 17, 507-кеңсе, тел. 8 (7172) 98-71-49.

ӘРТҮРЛІ

6. Астана қаласы, А. Кравцов көшесі, 6 мекенжайында орналасқан «Кредит Сервис Ломбард» ЖШС күн сайын жұмыс күндері (дүйсенбі – жұма) сағат 10:00-де сатып алынбаған кепіл мүлкінің сауда-саттығы өткізілетінін хабарлайды.

Анықтамаға арналған телефоны: +7 702 321 86 86.
Лиц. 01.21.0009Л.

8. «CreditNOVA» микроқаржы ұйымы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі өзінің орналасқан жерінің (заңды мекенжайының) өзгергені туралы хабарлайды. Жаңа заңды мекенжайы: ҚР, Алматы облысы, Іле ауданы, Асқар Токпанов ауылдық округі, Асқар Токпанов ауылы, Қ. Байқадамқызы көшесі, 71-үй, 2-пәтер, индекс 050031.

Баспасөз – 2026

Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және «Юридическая газета» газеттеріне және «Заң» журналына жазылу жыл бойы жалғасады. Әр айдың 25-іне дейін жазыласыз, басылымдар келесі айдан бастап қолыңызға тиеді.

Біздің басылымдарға «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

«Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921, заңды тұлғалар үшін – 15921

✉ zankreklama@mail.ru

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: (727)292-43-43

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zankreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page.kz» ЖШС, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтоқын көшесі, 4Б, 1 қабат, 1 кеңсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ИП «Profy Agency.kz»
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83, 8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99.
г. Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509
e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«KAİROS» ЖШС, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23.
Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Криволиова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp: +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «Trade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.
ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел.: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел.: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

(Жалғасы. Басы өткен сандарда)

Райстың жатырмай, ашық-жарқын сөйлескеніне көңілі орнына түскен Мырза үйінен жедел шығып, қозғала берген автобусқа ілікті. Есік аузына жақындау орынға жайғасқан Мырза:

– Балам, Пушкин саябағынан түсем, өтіп кетпейін, – деп ескертті. – Онда барлығы түседі. Соңғы аялдама, – деді билетші бала.

Мырза қалғып кеткен екен, жүргіншілер қопарылып түсіп бара жатқанда, есікке қарай ұмтылды. Саябақ ішіндегі орындықтың бірінде газет оқып отырған Райс Мырзаны анадайдан танып, қарсы жүрді де, көзілдірігін шешіп, құшақтасып көрісті. Екеуінің де көңілдері босады.

– Сенің Баршағұлдің қасыңда ғой. Шын жетім мен, құрдасыңнан айырылып қалғаным біраз болды, – деп күрсінді Райс.

– Естімедім. Естісем, бір төбемді көрсетер едім, – деп Мырза көңіл айтты.

– Жүректен қапыл кетті.

Саябақтың жанындағы төрт қатарлы үйдің екінші қабатындағы Райстың үйі әйелі жоқ үй сияқты емес, тап-таза, көңірісіп тұр.

– Бала-шаға алыста. Бір балам – Астанада, бір балам – Алматыда. Шақырады. Бірталай жасқа келгенде, үйренген ортаны тастап, ешқайда кеткім келмейді. Жалғызбасты көрші кемпірді күтушілікке жалдадым, сол тамағымды істеп, киімімді жуып қояды.

– Ал жұмыс жағдайың ше? – Прокуратурадан зейнетке шыққам, жақыннан бері Ішкі істер департаменті жанындағы тергеу басқармасын басқарамын. Үйде отыру қиын.

Мырза бұл хабарға қатты қуанды.

– Өзің ше, қалаға қашан келдің? Бөкен қалай?

– Қалаға көшіп келгеніме үш-төрт жыл болды. Жұмыс таба алмай біраз қиналдым. Сосын ауылдағы кәсібімді қолға алып, тері қабылдадым. Жаман емес. Үйрендім. Баршағұл үйде. Қан қысымы көтеріліп, жиі ауырады.

– Ауылдарыңнан бірдеңе қалды ма? – Жоқ, түгелдей жоқ. Тұрғындары жан-жаққа көшті. Көбісі ауданда, қолы жеткендері қалада. Мен сол тұста қалаға келіп, үй сатып алғанмын. Сонда тұрып жатырмыз.

– Дұрыс жасағансың. – Өзім де солай ойлаймын. Әуелгі уақытта қиындау болғанымен, қазір үйрендік.

Ас үйге кіріп, шәй қойып үлгерген Райс. – Жүр, ендігі әңгімені шәй үстінде жалғастырайық, – деді.

Ер адамның қолынан шәй ішуге ыңғайсызданған Мырза:

– Босқа зуреленгенсің. Саған айтатын әңгімем бар. Соны тыңдап, ақыл-кеңес берсең деп ем.

– Құлағым сенде, – деген Райс танданғандағы әдетімен қабағын көтерді.

– Реке, менің баламның жоқтығын білесің. Біраздан бері бір жігітті үйіме жатқызып, соған үйреніп қалғанмын. Өзі тәрбиелі бала. Қалаға келе жатқан сапарында, жол үстінде танысқанмын. Банкке күзетшілікке орналасты. Таюуда сол банктің бастығын біреулер саяжайында өлтіріп кеткенге ұқсайды. Соған күдіктерің ішінде Айдар да бар. Тергеушілер жұмысына барып, жауап алыпты. Бұл бала банк бастығымен шатысып қалса керек. Кеше ертеңгілік полиция келіп, үйден алып кетті. Жауап алғанда, еш жаққа кетпеу туралы қолхат жаздырып алған. Мен оның адалдығына сенемін. Сондықтан ақ-қарасы шешілмей қала ма деп алаңдап отырмын.

– Мәке, әзірге мән-жайға толық қанық емеспін. Егер сен айтқан жігіттің кісі өліміне қатысы жоқ болса, қолымнан келген көмегімді аямаймын.

– Реке, маған сенсенің, бұл бала қосақ арасында бос кетуші.

– Алдын ала абыржып қайтесің. Сенің адам танытыңа сенемін. Кісі өліміне шынымен қатысы жоқ болса, ақталады, бәрін уақыт шешеді. Райс ескі досын үйіне көлігімен апарып салды.

АКЦИОНЕРЛЕР

Қаладағы банк филиалының директоры компьютер экранындағы қаптаған сандарға үңілді. Бас банктің есеп-кисабын бақылау үшін оның қаржы операцияларын кодпен ашты. «Олар қалтасын ақтарып жатқанымыз білмейтін де болар. Ана Дон Жуанның қыз-келіншектен қолы босамайды. Ал провинциядан келген Жүрсін мырзаның компьютердің құпияларын



БАНКИРДІҢ ӨЛІМІ

білуге өресі жетпейді. Соны неге пайдаланбаймын?!» Сумаң еткен сиқырлы ой жас банкирдің көңілін әп-сәтте жаулап алды. Сөйтіп ана билік басындағылардың бұын құртына айналған қара сұр бәйбішесі менің іші-бауырыма кіріп, баласын орынбасар етті. Оған қанағат тұтпаған «крестная мать», жоғары жақтағы шенеуніктердің аузын майлап, мұны ысырып тастады да, баласын акционерлік қоғамның президенті етіп тағайындады. Акционерлердің бірі ретінде банктің қолында тұрғанда, оларды тақыр жерге отырғызып кетуіме не кедергі?! Бұл жоспарды жүзеге асыру үшін білікті компьютер-бағдарламашы ғана керек емес пе?! Оның ойына Самараның академиясын бітіріп келген бағдарламашы Марал түсті. Алдындағы түімені басып қалды да, есіктен көрінген хатышы қызға:

– Маралды шақыр! – деп әмір етті.

Ұзын бойлы әдеміше жігіт жүгіріп кірді.

– Марал, акционерлік үлесім бар бас банктің есеп-шотынан белгілі бір мөлшердегі капиталды компьютер арқылы өз есеп-шотыма аударып алуыма бола ма?

– Кодын білетін болсаңыз болады, бірақ бұл.

– Мен сол бас банктің бастығы болып қызмет жасадым. Сондықтан оның барлық операциялары, қолы әзірге қолымда. Міне, қараңыз, мен олардың қаржылық жағдайын тексеріп отырмын. Өзіңіз білетіндей, біздің филиалдың финанстық жағдайы мез емес. Оған тұрғындардың әлеуметтік әл-ауқатының нашарлығы әсер етуде. Несие алушылар аз. Қазір банкірдің барлығы несиенен түсетін пайызбен күн көреді. Ал «А» қаласының халқы бай. Ол мұнай өнімдерінің ортасында. Сол себепті, бізге ең болмаса аз уақытқа процентпен пайда тауып, қор жинайтын қосымша қаржы аудамай қажет. Қосымша қаржы аударып алсақ, пайызынан пайда тапқан соң, қайтарар едік.

– Но, Манас Жаулыбаевич, – дей берген бағдарламашының банкир бөліп жіберді.

– Білем, заңсыз. Алайда мен акционердің бірімін. Сондықтан түскен түсімге ортақпын. Егер бұл операция сәтсіз болса, сені қорғап қаламын. Есіңде болсын, егер мен айтқан ақшаны аударсаң, бір пайызы сенікі.

– Ондай операциялар жасауға болады. Дегенмен ол жақта да білгір бағдарламашы болуы мүмкін.

– Бар болар. Ол сен сияқты академияны үздік бітірген жоқ қой.

– Сонда қанша ?!

– Маған керегі – 1 миллион доллар.

– Вы что?! Ондай көп қаржы бірден білінеді. Ол банктің капитал қоры қанша екенін білесіз бе?

– Білемін. Білген соң айтып отырмын. Бұл оларға түк емес. Біз осындай әрекетті ашам дегенше, бәсе ол ақшаның жартысы болса да қайта аударамыз.

– Уәде бере алмаймын. Бірақ каналдарын көрейін. – Байқап көр, егер осы долларды айналдырма түсіре алсаң, бір пайызы сенікі. – Кодын көрсетіңіз. – Мында кел. Бағдарламашы банктің қолын есіне сақтап алды. – Қанша уақыт керек? – Незнаю, попробую, риск большой. – Кто не рискует, тот. – Знаю. – Ну давай, специалисту как ты, я доверяю.

Бағдарламашы кеткен соң, Манас әуелі өзін обжыландай арбап, қойны-қонышына кіріп алған Қатира ханымнан ош алатынын, оның жанын білдірмей ауыртып, баласының барын сүліктей сорып алудың амал-айласының табылғанына мез болып, рахаттана жымиды. Көз алдына 1 миллион АҚШ долларынан айырылып қалып, не істерін білмей ызаға булыққан Тұранның қара сұр бет-әлпеті елестеді.

Жасынан вундеркинд атанған Марал бастығының ұсынысына танданған күйде жұмыс орнына келді. Бір жағынан, ол егер сол банктің акционері болса, өз үлесін алуға құқылы. Егер қаржы айналымы ересен ауқымды екінші дәрежелі банк болса, мұндай көлемдегі ақшаның басқа жаққа қолды болғанын, аз уақытта байқамай қалуы да мүмкін. Қазір қаншама миллиондар мен миллиардтар айналымға түсіп, пайыз тапқан соң, несіне қайтарылуға. Көруге болатын нәрсе. Мүмкін интернет арқылы бұл идеяны жүзеге асыруға болар. Ол үшін бастықтың ноутбугін уақытша сұрап алу керек. Жеме-жемге келгенде, оның компьютері арқылы жасалған операцияларға мен жауап бермейтін боламын. Бағдарламашы кенеттен пайда болған проблемдан құтылуын оңай жолын тапқанға қуанып кетті де, бастықтың қабылдауына қайта жүгірді.

– Манас Жаулыбаевич, бұл процесстерді интернет арқылы орындаса қауіпсіз. Сондықтан маған пайдалануға өзіңіздің ноутбугіңізді берсеңіз. Мен үйде отырып, түнде жұмыс жасаймын. Көптен кеудесіне шер боп қатқан кегін қайтарудың оңай жолын тапқандай боп рахаттанып отырған қаржыгер:

– Ал, қанша керек болса, сонша а! Оның ішінде сол банктің қаржыға байланысты барлық деректері мен операциялары бар. Ол алдындағы компьютерді жинап, қорабына салды да, Маралдың қолына ұстатты. Өзінің арманына айналған ноутбук қолына тигенде, бағдарламашы қанат біткендей ұша жөнелді.

«А» қаласындағы бас банктің президенті Тұран компьютер-бағдарламашы Мирансты шақырып алып, жер-жебіріне жетіп ұрысатын күні «Н» қаласындағы акционер қосымша қаржыны электрондық байланыс арқылы өз есеп шотына аударып та үлгерген еді. Соңғы кезде көңіл-күйі болмай жүрген бас банкир түнгі ойын-сауықтан басы мең-зең боп, компьютердегі есеп-қисапқа көз жүгірткенде, ұйқылы-

ою қалпынан бірден арылды. Ол білгір финансист болғанымен, қызметке салғырт қарап, қыз-қырқынды қызықтаумен, күнделікті кіріс-шығыс операцияларын бақылауды мүлде ұмытқан. Жаннаға деген сезімі суымай, одан алыстаған сайын ғашықтық дертіне шалынған Тұран қолындағы бар байлығы мен билігінің өзі сүйген әйелдің жүрегін жібітуге жарамайтын түкке тұрғысыз бірдеңе болып шыққандығынан да жігері құм болатын. Қаржыгердің терең жан күйзелісінен туындаған салғырттығы мен салактығын пайдаланған жан-жағындағылар, әрқайсысы өз қалтасының қамын ойлап, банктің тұралап, кіріс пен шығыстың ара салмағының алшақтағаны сонша, алдындағы тоқсандық есепті көргенде қаржыгердің төбешашы тік тұрды. Оны аяғына дейін қарамастан, өшіре салған банкир үстіне кіріп келген Мирансқа:

– Сені кім шақырды? – деп дүрсе қоя берді.

– Мырза, жаңа ғана байқадым. Біздің есеп-шоттан қосымша қаржы ұрланған тәрізді.

– Не деп сандалап тұрсың?!

– Электрондық жүйеден өзгеріс көрдім.

Ноутбугін қайта ашқан банкир: – Қайда? Ұрлаған кім?! – Шамасы акционерлеріңіздің бірі. – Қашан, қанша ұрлаған ?! – Дәл білмеймін. Бірақ шамасы 1 миллион доллар. – 1 миллион доллар?! – Сонда осыған дейін қайда қарадың?! – Маған кодпен жұмыс істеуге рұқсат бермегенсіз. – Ал, бүгін қалай рұқсат алдыңыз? – Есеп бөлімі тексеріп беруді өтінді. – Олар алдындағы есебін білмесе, қайда қараған?!

– Ақша аударылып кеткен соң, интернет арқылы қолды болған. – Не деген сандырақ?! – Бұл сандырақ емес, факт!

– Жоқ. Сонда сендер не істеп отырсындар?!

– Мұны есепшілер білмейді. Олардан өтіп кеткен соң, басқа есеп шотқа жетер аралықта қапысын тапқан.

– Сонда мұны істеген кімдер? – Сіздің «Н» қаласындағы акционеріңіз.

– Онда сен қайтадан неге аударып алмайсың?!

Мирас басын шайқады. – Енді тек қана өздеріңнің қайтаруын күтесіз.

– Оңбаған. Сұмырай. Мен оған көрсетем ұрлағанды.

Акционердің ұялы телефон нөмірін тере бастады.

– Алло. Алло. – Ә, тыңдап тұрмын!

– Бұл қай бастық, бұл қай бастық! Неге менің ақшамды ұрлайсың?!!

– Сен бастықсың, менің орнымды тартып алғанда, мен көнгенмін. Ол сенің ғана ақшаң емес, менің де ақшам. Қарызға алдым. Пайызын өндірген соң, қайтармамын. Менің банкімнің сенікіндей капитал қоры жоқ. Дағдарыстан шығатын басқа амалым қалмады.

Телефон үзіліп кетті.

Тұран мырза ашудан жарыла жаздады. Бір жағынан акционердің барымтасы жанына батқан барайды. Ол болса, өзінің істеген зорлығын алдына келтіріп, ал не істесен, оны істе деп міз бақпайды. Бәрібір ол енді бірден қайтармайды. Тіпті аудармақ түгілі, менің үлесім деп сіңіріп кетсе ше. Қала шетіндегі саунаға барғанда, ішін жалап бара жатқан 1 миллион доллар оған маза бермеген. Ол қайта-қайта акционерге телефон соғып, ертеңге дейін ұрланған ақшаны қайтармаса, полицияға хабарлайтынын айтып қоқан-лоқы жасады. Ал шынтуайтқа келгенде, ақшаны қайтармаса қайда барарын өзі де білмеді. Сол арада ана жақтан:

– Саған менің менеджерлерім барып жолықсын, қайда боласың? – деген хабарлама түсті.

Шала мас қаржыгер, саяжайының адресін жазып жіберді.

ИТ ТІРШІЛІК

Жатақхананың бір бөлмесін жалдап тұрып жатқан екі жігіттің бірі Құралған

атамаманнан қалған көне телевизордан «босвик» қарап жатып, қалып кетті. Қасындағы серігі дыз еткен ұялы телефонға жабысып, біреу жұмысқа шақырып жатқан болар деген үмітпен, ас үйге жөнелді. Қалаға жұмыс іздеп ауылдан келгелі екі жылдай болып қалған жігіттер әр жерден тиіп қашып, тиын-тебен тауып, өлместің күнін көріп жүргендері болмаса, тұрақты жұмысы жоқ. Бір банктің филиалына күзетші боп кіріп еді. Одан да бастыларына жақпай, шығып қалды. Ақшасы өнімді жерге жұмысқа орналасуға тамыр-таныстық керек. Шалғай бір түкпірде өсіп, қала өмірінің қыры мен сырын білмейтін екі жігіт жатақхананың бір бөлмесін жалдап, шықпа жанын шықпа күн өткізуде.

– Қайрат, қайдасың, әй? – Құралған басын кір-кір жастықтан көтерді. Әбден тозығы жеткен тұс қағаздар әр жерден жұрттылып, оның астынан сұп-сұр қабырға көрінеді. Кімнен қалғаны белгісіз еденге қосқар мүйіздері әбден желініп біткен жұлма-жұлма көне киіз төселген. Көне болса да, тас еденнен ызғар өткізбей тұрған қамсау да сол. Тозығы жеткендіктен желімі ашылып, тұмсығы ыржиып кеткен Құралғанның бөтенкесі төрге қарап, ырсиып жамбастай жығылған күйі жатыр. Иесі болса мына ку тіршілікті қалай жеңілдетіп, қалай ел қатарлы өмір сүрудің айла-шарғысын жасауды білмей, кейінгі кездері өз-өзінен түңіліп, түнеріп жатып алатынды шығарған. Бұл жолы да әлдекімді боптап, іштегі күйіңін басытын жалғыз от темекісіне жармасты.

– Қазір, қазір. Қайда, қайда?! Саяжайда. Жалғыз ба? Сонда не істейміз. Ім. Білмеймін. Ойланып көрейін. Не дейсіз? Өзім құтқарып алам дейсіз бе? Онда уәде. Уәдеге тұратын болсаңыз. Аяқ астынан. Дегенмен сізге сенеміз. Сізге барып па, жұмыс тауып бересіз ғой. Үй де. Ім. Ойлан-шып көрейік.

– Ау, Қайрат, не жоғалып кетті ! – Құреке, бір іс бар. Бірақ сенің қалай қарайтыңды.

– Жұмыс па ?

– Иә, жұмыс. Бірақ жай жұмыс емес. Адам өлтіру.

Қолындағы темекісін тұтатып тұрған Құралған есің дұрыс па дегендей анық жүзіне сескене, едірейе қарады да:

– Ендігі жетпегені сол еді, – деп күңк етті

– Есіңде ме, банктің бұрынғы бастығы. – Әрине, есімде. Ол басқа қалада емес пе?

– Иә. Сол жақтан жаңа ғана звондады. – Қызық екен. Сенімен амандасуға ма?

– Ол менімен амандасып не істесін. Тапсырма берді. Егер орындасаң, жұмыс тауып беремін. Үй алуға көмектесем. 30 мың доллар беремін деді.

– Мәссаған, батпан құрық, жолда қалай жатқан құйрық. Сонда не істеуімз керек?

– Қазіргі банкінің бастығын өлтіруіміз керек.

– Сонда адам өлтіруге 30 мың доллар бере ме?!

– Ол жағын түптемедім.

– Өмірі тышқан мұрнын қанатып көрмеген біздер, отыз мың долларға адам өлтіргізің. Ол екеуімізге бөлгенде 15 мың доллардан тиесі екен. Оған үй аласың ба, машина аласың ба ? Ал ана мырзаның үйі алып берем, жұмыс беремін деген құрғақ уәдесіне сеніп тұрмысың?! Қазіргі уақытта уәдесінен шыққан алауыттарды көрдің бе? Қанша жерге жұмысқа тұрдық, жұмысқа аларда бәрін үйіп-төгеді де, жұмысын істеп алған соң, істеген еңбегіңнің ақысын бермей кетеді. Шатақ шығарсаң, сотқа бар дейді. Қалтасында көк тиыны жоқ жалаңаяқтарды сот не істесін. Олар да қалтасында тиын-тебені барлардың ісін қарайды. Біз сияқты киерге киім, ішерге ас таппай жүрген қайыршылар кімге керек!!

– Ту, Құреке, қай-қайдағыны айтып, зарлап кеттің ғой. Олар да токетерін айтышы. Мына тапсырманы орындай аламыз ба?

– Бізге бәрібір емес пе? Қайда барсаң, Қорқыттың көрі. Егер 50 мың доллар берсе, орындаймыз.

– Қанша, қанша?

– Бұл да екеуімізге бөлгенде түк емес. Бірақ 25 мыңнан бөліп алып, бір бөлмелі пәтер сатып алып, адам құсап өмір сүрер едік. Сен ана зақаз беріп отырған мырзанды маған алып бер, мен сөйлесейін.

Қайрат өзінен гөрі өмірдің ашы-тұшысын көп көрген Құралғанның сөзінің жаны бар екеніне көзі жеткен соң, банкирдің нөмірін терді...

Зияш ТЕЛЕУОВА

(Жалғасы бар)

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана Айша Құрманғали 8 707 851 91 13. Алматы Алматы облысы Ақтөбе облысы Атырау облысы Маңғыстау облысы Қызылорда облысы Түркістан облысы Алматы Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84. Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83. Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80. Жазира Әбіл 8 702 514 54 44. Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86. Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59. Шадиар Мекенбайұлы 87757335665 Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

Батыс Қазақстан облысы

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі 68 «б»-үй. Қабылдау бөлмесі: 292-43-43, 8 708 929 9874, zangazel.kz E-mail: zanreklama@zangazel.kz

«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді. Және таралым 6545 дана Апталық таралым 13090 дана

Тапсырыс №91 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zangazel.kz сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-төлемдер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы №16297-Г күәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қатпау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8(727)51-78-27, 8(727) 51-78-31